

# АНА ТІЛІ

## ЖӘНЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

### 2-бөлім

Жалпы орта білім беретін мектептердің  
2-сыныбына арналған оқулық

2

Өзбекстан Республикасы Халықта білім  
беру министрлігі баспаға ұсынған

Жаңа басылым



ТАШКЕНТ – 2021

УУК 811.512.122(075.3)  
КБК 81.2(5Каз)я72  
А 14

*Құрастыруышылар:*  
Н. Абдувалитов, М. Байтураева, Б. Джулдібекова

**Пікір жазғандар:**

- A. Нисанбаева** – Низами атындағы ТМПУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Г. Сулеєва** – Бектемир ауданы 290-мектеп бастауыш сынып оқытушысы
- 3. Сарсенова** – Төменгі Шыршық ауданы 12-мектеп бастауыш сынып оқытушысы

### **ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:**



**Оқылым**



**Айтылым**



**Сұрақтар**



**Жазылым**

Респубикалық мақсатты кітап қорының қаржылары  
есебінен басылды.

Оригинал макет және дизайн концепциясын  
Респубикалық білім орталығы жасады.

Ана тілі және оқу сауаттылығы 2-сынып [Мәтін]: оқулық / Н. Абдувалитов [тағы басқ.]. 2-бөлім. – Ташкент: Респубикалық білім орталығы, 2021. – 120 б.

ISBN 978-9943-7523-3-7

УУК 811.512.122(075.3)  
КБК 81.2(5Каз)я72

ISBN 978-9943-7523-3-7

© Респубикалық білім орталығы, 2021

# Мазмұны

## VI тарау. ЖАС ҮНЕМДЕУШІ

103-сабак	Малды пайдаға жарату .....	5
104-сабак	Үнемшілдік дегеніміз – сарандық өмес .....	6
105-сабак	Сарандық пен жинақылық .....	7
106-сабак	Бір уыс мақта .....	8
107-сабак	Өкі мен бала .....	9
108-сабак	Обал .....	11
109-сабак	Піл мен өтеш .....	12
110-сабак	Тұлкі мен тырна .....	13
111-сабак	Тұлкі мен тырна .....	14
112-сабак	Тәртіпсіз лақ .....	15
113-сабак	Аңқау арыстан .....	17
114-сабак	Тұлкі мен ешкі .....	18
115-сабак	Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш .....	19
116-сабак	Минут деген немене? .....	20
117-сабак	Бір минут .....	21
118-сабак	Уақыт .....	22
119-сабак	Ойшыл ерлер ойлан тап .....	23
120-сабак	Уақытты жоғалтқан бала .....	24
121-сабак	Уақыттымызды қызықты өткізейік .....	25
122-сабак	Мен не үйрәндім? .....	26

## VII тарау. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

123-сабак	Данышпан балалар .....	27
124-сабак	Гуманоид роботтар .....	28
125-сабак	Шаңсорғыштың тарихы .....	29
126-сабак	Дрондар туралы таңқаларлық деректер .....	30
127-сабак	Алдымен дәңгелектер пайда болған .....	31
128-сабак	Кездейсоқ табылған жаңалықтар .....	32
129-сабак	Табиғаттан үйренгеніміз .....	34
130-сабак	Ұшақ тарихы .....	35
131-сабак	Компьютер .....	36
132-сабак	Ұялы телефонның шығу тарихы .....	37
133-сабак	Көмекші компас .....	38
134-сабак	Электр әлемі .....	39
135-сабак	Радио мен теледидар .....	40
136-сабак	Күн шыққанда .....	40
137-сабак	Күн, жел және су .....	41
138-сабак	Жел мен күн .....	42
139-сабак	Кемпірқосақты салған күн .....	43
140-сабак	Жоғалтып алған күн .....	44
141-сабак	Күн тоқыған кілем .....	45
142-сабак	Табиғатты қорғау үшін бәріміз .....	46
143-сабак	Мен не үйрәндім? .....	47

## VIII тарау. ТІЛ КӨҢІЛДІҢ АЙНАСЫ

144-сабак	Ана тілі .....	48
145-сабак	Ауызша және жазбаша сөйлеу .....	48
146-сабак	Кітапханада .....	49
147-сабак	Кітапхана .....	50
148-сабак	Кітап білім бұлағы .....	51
149-сабак	Әлемдегі ең алғашқы кітапсыз кітапхана .....	52
150-сабак	Сыйластық .....	53
151-сабак	Кішіпейілділік .....	54
152-сабак	Қаз дауысты Қазыбек .....	55
153-сабак	Сөз және мағына .....	56
154-сабак	Шегенің ізі .....	57
155-сабак	Құм мен тас .....	58
156-сабак	Жақсы деген не? Жаман деген не? .....	59
157-сабак	Мен не үйрәндім? .....	61



## IX тарау. ТАРИХ ҚАЗЫНАЛАРЫ

158-сабақ	Саяхат .....	62
159-сабақ	Самарқант .....	63
160-сабақ	Регистанға саяхат .....	64
161-сабақ	Үәдеге берік болу .....	65
162-сабақ	Тарихи қалалар .....	66
163-сабақ	Жазудың пайда болуы .....	67
164-сабақ	Әліпбі .....	68
165-сабақ	Кім қалай жазады? .....	69
166-сабақ	Мен не үйрендім? .....	70

## X тарау. ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

167-сабақ	Қылқаламның ғажайыптары .....	71
168-сабақ	Сурет сабагы .....	72
169-сабақ	Суретші .....	73
170-сабақ	Көнілсіз сурет .....	74
171-сабақ	Суретші Марат .....	75
172-сабақ	Кемпірқосақ .....	76
173-сабақ	Науай және суретші .....	77
174-сабақ	Дарынды суретші .....	78
175-сабақ	Әні қанаты болған .....	79
176-сабақ	Анашым .....	80
177-сабақ	Тұнғыш ән .....	81
178-сабақ	Үрмелі аспаптар .....	82
179-сабақ	Біз көнілді ұлан .....	83
180-сабақ	Сәбілерден сұрандар!	84
181-сабақ	Тұысқан ел .....	85
182-сабақ	Сағындым әже сағындым!	86
183-сабақ	Мен не үйрендім? .....	87

## XI тарау. ҚҰҚЫҚЫМЫЗ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ

184-сабақ	Ең алғашқы автомобиль .....	89
185-сабақ	Бағдаршам .....	90
186-сабақ	Мұны білген жөн болар .....	91
187-сабақ	Қауіпсіз жол бағдары .....	92
188-сабақ	Тәртіп сақшысы .....	94
189-сабақ	Ойын .....	95
190-сабақ	Автобуста .....	96
191-сабақ	Оң тәрбие .....	97
192-сабақ	Жол тәртібін жолда ұста .....	98
193-сабақ	Тез жүрер пойыз .....	99
194-сабақ	Борыш .....	100
195-сабақ	Сыйластық .....	101
196-сабақ	Ғажайып адам .....	102
197-сабақ	Кешіре білген адам - қүшті адам .....	104
198-сабақ	Кешіре білген адам - қүшті адам .....	105
199-сабақ	Біз бәріміз бірдейміз .....	106
200-сабақ	Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел .....	107
201-сабақ	Рақметті не үшін айтады? .....	108
202-сабақ	Балдырган нағыз жолдас .....	109
203-сабақ	Бақыт деген не? .....	111
204-сабақ	Әдептілік әліппесі .....	112
205-сабақ	Мен не үйрендім? .....	113

## XII тарау. ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДА ҚАЙТАЛАУ

206-сабақ	Сан есім .....	114
207-сабақ	Етістік .....	114
208-сабақ	Сын есім .....	115
209-сабақ	Мәндес сөздер .....	116
210-сабақ	Көп мағыналы сөздер .....	116
211-сабақ	Мағынасы қарама-қарсы сөздер .....	117
212-сабақ	Мәтін және оның түрлері .....	117
213-214-сабақ	Жазғы демалыс .....	118

## 103-сабак. Малды пайдаға жарату



Бір үйші жұмысымен көп мал тауып тұрса да, сонша азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұрады екен. Бір күні көршісі сұрады:

- Осы сен бай бола тұрып, малыңды қай жаққа жибересің, көзге түсетін еш нәрсең көрінбейді, – деді.
- Үйші айтты:
- Тапқан малымның бір бөлігімен борышымды өтеймін, бір бөлігін өсімге беремін.
- Көрші:
- Қойшы, батыр, сенің борышың бар ма еді және өсімге қашан ақша беруші едің? – деді.
- Үйші айтты:
- Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышын өтегені емес пе?! – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*




1. Әңгіме не туралы?
2. Ата-ана алдындағы борышыңды білесің бе?
3. Борыш қалай өтеледі?



**1-тапсырма.** Диалогты жалғастыр.



Айдана, сен білесің бе, біздің борышымыз неден құралған?



Біздің борышымыз – білім алу, еңбек ету.

Заттың сынын білдіретін сөздердің ішінде қарсы мағыналы сөздер бар: ыстық-суық, пайдалы-зиянды.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерге қарсы мағыналы сөздерді тауып жаз.

Күн – … , аз – … , батыр – … , жақсы – ..., қарт – ...

## 104-сабак. Үнемшілдік дегеніміз – сараңдық емес



Үнемшіл болу дегеніміз – сараң болу деген емес. Үнемшіл адам өзінде бар нәрсені шашпауға тырысады. Керек кезде қолындағы бар нәрсені достарымен де бөліседі.

Сараңдық дегеніміз – жақсы қасиет емес. Сараң адамдар табысын ешқашанда біреумен бөліспейді. Олар тіпті өздерінің үлестерін төлеуден де жалтарта-ды. Өзгелерді ешқашанда мақтамайды.

Үнемшілдік ұғымына тәуекелшілік те байланысты. Үнемшіл болу дегеніміз – қуанышсыз өмір кешу дегені емес. Өз еркінді бағындыра білу де – тәуекелшілдік.

«Жыл он-екі ай» журналынан



1. Сараң қандай адам?
2. Тәуекелшілік дегенді қалай түсінесің?
3. Уақытты дұрыс үнемдеу дегеніміз не?



**1-тапсырма.** Берілген мақалдарды оқып, мағынасын түсіндір.

1. Жаман қойшы жайлауын бір күн жейді,  
Жақсы қойшы жайлауын мың күн жейді.
2. Сауып ішсең мың күндік,  
Сойып жесең бір күндік.
3. Ескі киімді баптағаның,  
Жаңа киімді сақтағаның.



**2-тапсырма.** Үнемшілдік пен сараңдықтың айырмашылығын ВЕНН диаграммасы арқылы анықта.

Үнемшилдік

Сараңдық

## 105-сабақ. Сараңдық пен жинақылық



Бірнеше қайырымды кісілер бір жетім-жесір қалған үй-ішіне «жылу жиямыз» деп, әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті «жаңбырда ұмытып далада қалдырыпсың», – деп қатты ұрсып тұр екен. Ұрсып тұрып айтады:

– Сен білмейсің, ол кішкентай ғана жіп болса да, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, – депті. Мұны естіп, көріп әлгі жолаушылар бір-біріне: «Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырың» – деп, сонша кейіп тұрған адам бізге ешнәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізben қайталық», – депті.

Сонда олардың ішіндегі біреуі:

– Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айта кетелік, – дейді.

Бұлар сол сөзben байға келіп, сәлем береді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізеді. Соңан соң келгендердің жұмысын тыңдалап, ол өз сөзіне «басқаларға қарағанда екі есе ақша шығарып және мұнан басқа төрт-бес қап астық беремін», – деп уәде етеді. Мұнысын көріп жолаушылар таңданып отырды да өздерінің далада байды сараңға балағанын айта салды. Сонда бай айтады:

– Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындаі кем кетікке жәрдем беруге қолым жетісті, жинақылық, сараңдыққа жатпайды, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*





1. Байдың өз жұмыскерін үрсусы дұрыс па?
2. Байдың жауабынан нені үқтый?
3. Әңгімедегі негізгі ойды аласың ба?



### 1-тапсырма. Диалогты жалғастыр.

— Маған сараңдық пен жомарттықтың қандай айырмашылығы бар екенін аласың ба?



### 2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді көшіріп жаз.

1. Сараңның асы піскенше, таудың тасы піседі.
2. Соқырда екі көз жоқ.  
Сараңда бір көз жоқ.
3. Жомарт ерге ел алғысын төгеді,  
Сараң атын естісе, жұрт сөгеді.

## 106-сабак. Бір уыс мақта



Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, әжесі қасына отырып, ақыл айтты:

— Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, – деді.

Сол сөзді айтып отырғанда қыз бала киімін жамап болып жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып далага таstadtы;

— Әже осы қиқымның еш нәрсеге керегі бола қалмас, – деді.

Әжесі:

— Балам, ол да жерде қалмайды, – деді.

Осылайша сөйлесіп терезеден қарап отырса, мақта қиқымын жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп, қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп алып ұшып кетті.

Қыз әжесінен:

– Мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? – деп сұрады.

Әжесі айтты:

– Көрдің бе, балам айналмай айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай үясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*



1. Әжесіне қызының қайсы әрекеті ұнамады?
2. Әжесінің қызына айтқан ақылды дұрыс па?
3. Торғайдың іс-әрекетінен қандай үлгі алсақ болады?



**1-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сәйкес мақал-мәтелді тап.

1. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
2. Керек тастың ауырлығы жоқ.
3. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.



**2-тапсырма.** Берілген буындарды бірлестіріп жаз.

Е-сеп-сіз дү-ни-е жоқ.

Ша-шу о-ңай – жи-нау қи-ын.

Қа-сық-тап жи-на-ған-ды, шө-міш-теп төк-пе.

## 107-сабак. Әке мен бала



Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үн демеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, тағаны соларға үш тыынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тыынға шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі біреу-біреуден алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тымақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

— Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қыынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр қаласың, – деді.

Ыбырай Алтынсарин



1. Баланың істегені дұрыс па?
2. Сендер әкелеріңің тілін аласындар ма?



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Әңгімедегі негізгі ойды айт.



**2-тапсырма.** «Әке мен бала» әңгімесінен сан есімдер қатысқан сөйлемдерді көшіріп жаз.

## 108-сабақ. Обал



Жаз күні. Таңертең Әсет інімді ертіп, бұзауларды өріске айдал тастап, үйге беттеп келе жатқанбыз. Алдымыздан қанаты сынған бір үйрек жерден көтеріле беріп, таяқ тастам жерге барып құлап түсті. Тұра қудық. Біз жақындағанда ұша жөнеледі де, ұзамай қайта қонады. Үйрек аспанға көтеріліп, алғаш үшқан жеріне қайта барып қонды. Балапандарын өзенге ертіп бара жатқанын сонда білдік. Бізден балапандарын қорғау үшін қолданған амалы екен.



– Жүр, балапандарын ұстап алайық, – дедім Әсетке. Балапандар өзеннің жарқабағына таяп қалыпты. Бізді көрген үйрек: «Өлтіріндер, мені өлтіріндер, балапандарыма тие көрмендер!» дегендей жолымызды бөгеп, қалшиып тұр. Әсет жерден тас алып, жіберіп қалып еді, үйректің басына тиіп, құлап түсті. Үйректі ұрып алғанымызға қуандық. Үйге келген соң, екеуміз жарыса сөйлеп, апамызға айттық. Апам қынжыла сөйледі:

– Байғұс ана-ай!.. Баласы үшін отқа да, суға да түсіп, өлімге де барады-ау. Мына үйрек те балапандарын қорғау үшін өлімге басын тігіп, тайсалмаған. Бұл қылыштарың бекершілік болған. Шешесінен айрылған балапандар қалай күн көреді, қайтіп жан сақтайды?

Қателігімізді мойындадық. Балапандарды аяп, мұңайып қалдық. Қап, әттеген-ай!.. Обал болды-ау...



1. Үйрек не үшін айла жасамақ болды?
2. Апасының қынжылуына не себеп?
3. Сендер балалардың орнында болсандар не істер едіңдер?



**1-тапсырма.** Мақалдардың қайсысы әңгіме мазмұнына сәйкес келетінін айт.

1. Обалды біліп өссен – сауапқа кенелесің.

2. Сауап істесең, жауап іздеме.
3. Азды көпке қосқан сауап.



**2-тапсырма.** Сөйлемдегі цифрларды сөзге ауыстырып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Үйректің 3 балапаны бар. Үйректер көктем мезгілінде ұшып келеді. Олардың 5 түрі бар. Күз келгенде жылы өлкелерге ұшып кетеді.

## 109-сабақ. Піл мен әтеш



Ертеде бір піл жерден дән шоқып жүрген әтешті көреді. Бақылап біраз тұрады да:

– Кел, екеуміз тамақ жеуден жарысайық. Қайсымыз көп жесек, сол жеңімпаз болсын, – дейді.

Әтеш:

– Қо-қо-қоқ! Айтқаныңа құлдық, – деп келісе кетеді.

Сөйтіп екеуі тамақ жеуге кіріседі. Піл айналадағы шөпті опырып жеп, қарның әбден тойдырып, ұйықтап қалады. Бір кездे көзін ашса, әтеш әлі жер шоқып, дән теріп жүр екен.

«Әй, мынау тойымсыздың нақ өзі ғой! Менен бұрын тамақ жеп жүр еді, әлі қоймапты. Бұл не деген қомағайлық?!» деп піл аң-таң болады. Пілдің абыржып қалғанын әтеш байқай қояды да:

– Қо-қо-қоқ! Мен жеңдім! Мен бәрінен мықтымын! – деп мойның созып, масаттана шақырады.

Бір кезде ол қанатын қағып-қағып жіберіп, пілдің үстіне бір-ақ шығады.

Піл қатты қорқып кетеді.

– Жемеші мені! Аяшы! – деп жалына бастайды.

– Онда жеңілгенінді мойында! – дейді әтеш.

Піл:

– Жеңілдім! – деп орманға қарай қаша жөнеледі.

*Абазин ертегісі*



1. Ертегі не туралы?
2. Піл әтешке неге жалынды?
3. Әтештің масаттануына не себеп?



**1-тапсырма.** Піл мен әтешке мінездеме бер.



Заттың санын білдіріп, қанша, неше сұрақтарына жауап болатын түбір сөздерді есептік мағынаны білдіреді: бір, он, жүз, мың.

Нешінші? сұрағына жауап болатын сөздер реттік мағынаны білдіреді: бір-бірінші, екі-екінші.



**2-тапсырма.** Берілген цифраларды сөзбен өз тобына жаз.

7 күн, 9-сынып, 11 оқушы, 1-парта, 58-үй, 1 жыл, 1ай, 4 мезгіл, 1 әтеш, 4 піл.

**Есептік сан есімдер:** жеті күн, ...

**Реттік сан есімдер:** тоғызыншы сынып, ...

## 110-сабак. Тұлкі мен тырна (басы)



Тұлкі мен тырна достасып, бірге түрмақ болыпты. Екеуі бір жерге қоныстаныпты. Ішіп-жемегі ортақ. Бірі жем іздең, саяхатқа кеткенде, біреуі балапандар мен күшіктердің жанында қалады.

Күндердің күнінде тырнаның таз балапандарына жұн шығып, жорғалайтын болады. Тұлкінің күшіктері пұшпақ болып құлпырады.

Бір күні тырна саяхатқа кетіп, тұлкі балаларды бағып үйде қалады. Бәрін серуенге алып шығады. Балапандар мен күшіктер апыр-топыр алысып, ойнап жүреді. Оны көріп отырған тұлкіге ой түседі:

— Осы менің мұным не, мына тырнаның тұқымдарының мекені – аспан. Жайшылықта бұлар табылмайтын тамақ қой. Бұл әрі-беріден соң, ұшады да кетеді. Достасатын, бұлар менің екі туып, бір қалғаным ба? Менің мына күшіктерім де құс ұстауға үйренуі керек. Қой, кісі баласы кісіге бала болмайды. Одан да, – деп, тырнаның бір балапаның тырityп алып ұрып, күшіктеріне қалай ұстап, қалай өлтіріп, қалай жеуді көрсетеді.

Сөйте-сөйте күшіктер анасының баулуымен бар балапандардың басын құртады. Өлтірген балапандарын аулаққа апарып, тығып тастайды да қайтып жатаққа жайласады.



**1-тапсырма.** «Тұлкі мен тырна» туралы тағы қандай ертегілер білесіндер? Сұхбат құрастыр.



**2-тапсырма.** «Тұлкі мен тырна» ертегісіндегі сан есімдер қатысқан сөйлемдерді көшіріп жаз.

## 111-сабақ. Тұлкі мен тырна (жалғасы)



Кешінде тырна қайтады. Тұлкі тырнаның алдынан шығып, жыламсырайды.

Тырна:

– Ей, не болды? – дейді.

Тұлкі:

– Әу, білмеймін. Балалардың саны аз көрінеді – дейді.

Тырна апалақтай сасқалақтап:

– Жоғы сенікі ме, менікі ме? – деп сұрайды.

Тырнаны қыжырта кекетіп:

– Әй, байғұс-ай, ойыңың арамы-ай, қанша бауырға тартсам да бөлектенген сөзіңнің ұшқыны шығады да тұрады. Балапандарды сенікі, менікі деуші ме едік, – депті қу тұлкі.



1. Тұлкінің әрекетін сипаттап бер?
2. Тұлкіні не үшін қу тұлкі деп атайдыз?



**1-тапсырма.** Тұлкі мен тырнаға мінездеме бер.



**2-тапсырма.** Торкөздердегі әріптерден сөз құрастыр да, дәптерге жаз.

і	к	ү	т	л
ұ	т	с	а	п
р	т	н	ы	а
ш	к	ү	і	к
н	с	а	п	а

## 112-сабак. Тәртіпсіз лақ



Кеш. Аула төрінде, үлкен терек көлеңкесінде кітап оқып отырғанмын. Кенет тарс-тұрс дыбыс шығып, басымды көтердім.

Қарасам, көршімнің біріншіде оқитын баласы өзінің лағын ышқынта қуалап жүр.

Бір кезде жетті-ау лаққа. Мүйізінен ұстап алып, бас-көз демей төбелеп жатыр. Осы кезде үйден әжесі шығып, оның қылышын көрді де:

– Әй, Төлтай, ұрма лақты! – деп айқайлады. Күтпеген жерден шыққан дауыстан селк ете түскен Төлтай лақтан айырылып қалды. Төніп келген әжесінен қашпай тымырайып тұр. – Неге ұрасың? Әй, тәртіпсіз!



— Лақ тәртіпті ме? Неге еккен ағашымды құлата-  
ды?.. — деп ренжісін ұқтырды Төлтай.

Қараймын, әлгінде ғана құнжыңдаپ терезе түбін-  
де отырғызып жатқан жас ағашы құлап қалыпты, мұны  
көрген әжесі:

— Жә, екеуің де оңып тұрған жоқсындар... — деді,  
қолын сілтеп жөніне кетті.

— Маған ұрсады, лақтың қылышын көрмейді, — бұр-  
тыңдаған Төлтай құлап жатқан ағашты қайта тұрғызып  
жатты.

Насреддин Серәлиев



1. Төлтайдың лақты төбелеуі дұрыс па?
2. Тәртіпсіз лақ па немесе Төлтай ма?



**1-тапсырма.** Берілген суреттегі жануарларды  
қалай шақырамыз?



**2-тапсырма.** Төмендегі сөздерге **-нші**, **-ншы**,  
**-ыншы**, **-інші** жүрнақтарын жалғап жаз.

Есептік	Реттік
Екі	
Бес	
Алты	
Он	

## 113-сабақ. Аңқау арыстан



Жамандық атаулының әлі жер бетіне шыға қоймаған кезі болса керек. Жұрт қауіп-қатер, қорқыныш, үрей дегеннің не екенін білмепті.

Сол заманда бүкіл аң атаулы да өзара дос, тату өмір сүріпті. Мысық пен тышқан жасырынбақ ойнаса, қой мен қасқыр бірге қыдырады екен. Аңдар патшасы айбарлы арыстан еліне ерекше билік жүргізіпті. Сондықтан да әміршінің айтқанын ешкім екі етпепті. Ал арыстанның бас уәзірі, ақылшысы қызметін айлалы түлкі атқарыпты.


Түлкі қанша залым, қандай қара ниет болса да, адудынды патшаның қаһарынан қаймыққандықтан, сыр білдірмей, сыпайы қызмет қылышп жүреді. Бірақ аңқау да анғал арыстанға дүйім жүрттың осыншама қошемет көрсеткені түлкінің өзегін өртейді. Уәзірліктің арқасында күнделікті не ішемін, не жеймін деген уайымды мұлде ұмытқан түлкінің енді жатса-тұрса ойлайтыны – арыстандай атақ-данққа бөленіп, бүкіл аң атаулыны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұсташа болды. Түлкінің арам ойының арқасында барлық жануарлардың ынтымақ бірлігі жоғалыпты.



1. Ертеде жануарлар қалай жасаған?
2. Жануарлардың татулығын қай аң бұзды?
3. Не үшін ертегі «Аңқау арыстан» деп аталған?



**1-тапсырма.** Суретті кроссворд.



Заттың қымылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді **етістік** дейміз. Етістіктерге не істеді? қайтті? не қылды? деген сұрақтар қойылады.



**2-тапсырма.** «Аңқау арыстан» ертегісінен етістіктерді тауып жаз. Ережені еске түсір.

## 114-сабақ. Тұлкі мен ешкі



Бір тұлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздең жүріп, әлгі апанға кез болып, тұлкіні көреді.

— Ей, тұлкі батыр, не қылып тұрсың? — депті.

— Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап жүр едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп тұнық сұы бар екен, — депті тұлкі.

Мұны естіп ешкі: «Мен де салқындайын, әрі су ішейін», — деп ойлап, секіріп апанға түсіпті. Сонда тұлкі секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне табан тірепті де, ырғып далаға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген сөз осыдан қалыпты.




1. Тұлкінің істегені дұрыс па?

2. «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» дегенді қалай түсінесің?



**1-тапсырма.** Суреттегі жануарлардың пайдасы мен зияны туралы айт.





## 2-тапсырма. Көркем жаз.

Қорқақ және мақтаншак . Ашулы және жырт-  
қыш



Құ және өтірікші



## 115-сабак. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

 Атасы он жасар үл баласымен далада келе жа-  
тып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп  
кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тіс-  
теген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер  
саған үлгі. Өрмекші маса, шыбынға тұзак құрып жүр,  
ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шаға-  
ларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан  
соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп  
қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге  
шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де  
құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге  
әдеттену керек, – деді.



**1-тапсырма.** «Мен жасаған бір күндік жұмыс»  
тақырыбында диалог ұйымдастыр.



**2-тапсырма.** Мақалдың жалғасын тап және  
көркем жаз.



Қасықтап жинағанды,  
Шашу – оңай,  
Ақша кетуге тырысады,

жинау – қыын .  
есеп ұстаға тырысады  
шөміштеп төкпе.



## 116-сабак. Минут деген немене?

Қүйттай досым!  
Минут деген немене?  
Соны білгің,  
Соны білгің, келе ме?  
Бір минут ол –  
О да уақыт қымбатты:  
Шешкенің бір қызық – қыын жұмбақты.  
Бір минут ол –  
Апта өтпей-ақ арада  
Жеткен хатың сағынған өз анаңа.

Мұзафар Әлімбаев



1. Бір минут ішінде сен не істей аласың?
2. Ақын бір минутты неліктен қымбат уақыт деп бағалайды?



**1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешімін тап.

Қозғалмастан бір елі,      Уақытты өлшеп, санап,  
Өне бойы жүреді. (...)      Таппайды бір тағат,  
Мұның аты ...



**2-тапсырма.** Бос торкөзге әріптерді сағаттағы сандарды ретімен орналастырып оқы. Шыққан мақалды жаз.



1 2 3 2

4 5 6 7 3 8 7 6

9 10 3 7

## 117-сабақ. Бір минут



Отбасының бәрі жинақылықты, нақтылықты сүйетін. Талғат қана ылғи кешігіп жүретін.

Жанұя мүшелері тамақтануға отыратын, тек Талғат кешігетін.

Талғат, кел, тамақ іш, – деп шешесі шақыратын.

Қазір, бір минуттан кейін барамын, – деп Талғат кітабын оқи беретін. Бұл оның әдептегі жауабы еді. Үлғи осылай болатын: оны шақырған кезде немесе бір нәрсе істеп беруін өтінген кезде, ол:

- Бір минут тұра тұрындаршы, – деп қоятын.
- Әкесі оған:
- Сен уақытты қадірлеуді қашан үйренесің? – дейтін. Сонда баласы:
- Бір минут деген көп уақыт па? – деп жауап беретін.

Бір күні мектепте шаңғы жарысы өтті. Талғат шаңғы спортын өте жақсы көретін және жақсы тебетін. Ол өзінің бірінші болып келетініне көміл сенген еді. Бірақ ол жеңімпаз болған жоқ. Оның жолдасы бір минутқа озып келді. Жеңіліп қалғандығы жайлы әкесіне айтқан кезде әкесі жымып, былай деді:

Ештеңе етпес! Бір минут деген көп уақыт па?

Бір минутта адам өмірінде маңызды рөл атқаруы мүмкін екендігін Талғат сонда ғана түсінгендей болды.

«Балдырган» журналынан



- 1.Мәтін неліктен «Бір минут» деп аталған?
- 2.Өзің бір нәрсеге кешіккенде ренжисің бе?
- 3.Мәтінді басқаша қалай атауға болады?



**1-тапсырма.** Жалғастыр.

Бір минуттың қадірін білгің келсе ... сұра.

Бір жылдың қадірін білгің келсе ... сұра.

Бір ғасырдың қадірін білгің келсе ... сұра.



**Қажетті сөздер:** поездан қалып қойған жолаушыдан, университетке түсө алмаған оқушыдан, 100 жасқа толған кісіден.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді тауып көшіріп жаз.

Мектепте шаңғы жарысы .... Талғат шаңғы спортын өте жақсы көретін және жақсы .... Ол өзінің бірінші болып ... кеміл сенген еді. Бірақ ол жеңімпаз болған жоқ. Оның жолдасы бір минутқа .... Талғат екінші орын алып, үйге көнілсіз қайтып ....



## 118-сабак. Уақыт

Өдемі сағат таңдайсың,  
Көресің ұстап әрқайсын.  
Он сағат сатып алсаң да,  
Уақытты сатып алмайсың.

Ойлама бәрін білем деп,  
Шалқып та тасып жүрем деп.  
Уақытың – алтын қазынаң,  
Жұмсауың керек үнемдеп.

Өмірін ойлап талайдың,  
Тарихын зерттеп қараймын.  
Бір күні босқа өтпепті,  
Яссайи, Шоқан, Абайдың.



1. Өлең не туралы?
2. «Уақытың – алтын қазынаң» дегенде нені түсінесің?
3. Неге уақытты сатып алуға болмайды?



**1-тапсырма.** Суретке қарап әніме құрастыр және тақырып қой.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып жаз.

Уақыттың бос ... – өмірдің бос ....

Уақыт тас екеш тасты да, ....




## 119-сабақ. Ойшыл ерлер ойлан тап

Өзгермейді өзінен  
Бұл жаһанда бір дарақ.  
Ол дарақтың бойында  
Дәл он екі бар бұтақ.  
Бұтақтардың басында,  
Үш жүз алпыс жапырақ.  
Жапырақты қарасақ,  
Бір жағы қара, бір жағы ақ,  
Бұл жұмбақты кім шешсе,  
Болсын дейміз жасы ұзақ. (...)

Етістіктер **дара** және **құрделі** болып екіге бөлінеді. Дара етістік бір сөзден тұрады: барды, келді, кетті. Құрделі етістік екі немесе одан да көп сөзден құралады: алып бар, көріп кет, қайтып кел.



**1-тапсырма.** Әрбір ай неше күннен тұратынын айт.



 **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына екінші бағандарды етістіктердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Әсет кітап ...

Гүлжан гүл ...

Дәрігер балаларды...

Ақын өлең ...

терді.

емдеді.

шығарады.

оқыды.

## 120-сабак. Уақытты жоғалтқан бала



Ертеде бір байдың Ержан деген жалғыз ұлы болыпты. Байдың үйінде қызметкерлер де бар еді. Ержан өте ерке, жеген асын да жылап кейде ойнап жейді екен. Ержанмен қатар қызметкерінің баласы да күн бойына бірге ойнайтын. Ерлан мен Ержан бес жасында мектепке барды. Ержан өте жалқау болып өсті, сабақты да орында майтын. Ал Ерлан болса, білімқұмар және еңбекқор болып өсті. Ерлан сабақ десе ішкен асын да жерге қоятын. Ержан мен Ерлан есейіп қалаға оқуға барды.

Ержанның әкесі:

– Балам мына ақшаларды ал, бұл ақшамен оқуға түсесің, – деді.

Ерлан емтиханнан өте жақсы бағамен өтіп, оқуға түсті. Ал Ержан әкесі берген ақшаны жоғалтып алды да, емтиханға да кеш қалғаны үшін қатыса алмады.

Үйге қайтқан Ержан әкесіне:

– Әке мен сіз берген ақшаны да, жоғалттым, емтиханға да қатыса алмай уақытты да жоғалттым, – деп бос өткен өміріне қатты өкінді.

- 1. Ержан және әкесінің қателігі нede?
- 2. Ержан қанша уақытын жоғалтты деп ойлайсындар?
- 3. Жоғалтқан уақыттың орнын толтыра алады ма?



**1-тапсырма.** Парталас досыңмен ақылдас?



Ақшаға сатып алуым мүмкін ...  
Ақшаға сатып алуға болмайды ...



**2-тапсырма.** «Уақытты жоғалтқан бала» әңгімесінен дара және күрделі етістіктерді еki бағанға бөліп жазындар. Ережені еске түсір.

## 121-сабак. Уақыттымызды қызықты өткізейік (Диалог)



- Еркебұлан, сен өз күн тәртібінді қалай үйимдастырасың?
- Менің күн тәртібімде көптеген қызықты мультфильмдер сондай ақ, түрлі ойындар да бар.
- Компьютерден көп пайдалану адам денсаулығына өте зиян екенін білесің бе?
- Егер біз өзіміздің күнделікті өмірімізге зер сала қарайтын болсақ, бос уақыттымыздың өте көп екендігін білеміз. Біз қанша уақыттымызды пайдаласыз әңгімеге, қажетсіз телехабарлар мен киноларды көруге сарыптаң жатамыз. Кеш жатып, сағат қоңырауымен таңертептің өзөр оянатын кісілер әдетте жұмысқа жанталаса асығып жетеді және көбіне кешігіп жүреді. Кешкі сағат 22<sup>00</sup> мен 2<sup>00</sup> аралығындағы әрбір сағат үйқы еki сағатқа



тең болады екен. Яғни, неғұрлым ертерек жатсақ, соғұрлым үйқымыз қанық болады және ерте оянамыз. Ал ерте тұрған адам өз уақытын үнемдеп, бәріне де үлгіреді.



1. Сен уақытыңды қалай ұйымдастырасың?
2. Адамдардың жетістіктері уақытты дұрыс ұйымдастыруға байланысты ма?



**1-тапсырма.** Сурет негізінде «Үйдегі бір күнім» тақырыбында әңгімелеп бер.



### 122-сабак. Мен не үйрендім?

- Үнемділік дегеніміз не?
- Сарандық деп неге айтамыз?
- Зат есім дегеніміз не?
- Сын есім дегеніміз не? Мысал келтір?
- Сан есім дегеніміз не? Сұрақтарын айт.
- Әке мен бала әңгімесінде бала неге иілді?



**2-тапсырма.** Кестеден жасырынған сөздерді тап және жаз.

б	і	р	п	і	л	ш
а	у	а	қ	ы	т	л
е	л	б	і	р	н	л
н	ж	м	а	қ	т	а
ғ	о	т	ы	р	н	а
е	с	а	ғ	а	т	а
қ	п	у	ә	т	е	ш
й	а	ф	л	а	қ	ғ

## 123-сабақ. Данышпан балалар



Ертеде екі бала дос болыпты, олар әр ойын басталған кезде қиялдай түседі екен. Мен келешкеге үй жинайтын алып машиналар, сондай-ақ тамақ пісіретін машиналар жасаймын – деп ойын бастайды екен. Лайдан машиналарды жасап ойнайды. Балалардың қызығушылығын білген ата-аналар, балаларды математика сабағын тереңдетіп өтілетін мектептерге оқуға береді. Бұл балалар математика сабағын жете менгеріп, бірі сол елдің экономикасын жақсарту мақсатында өндірісті жолға қойыпты. Ал екінші баланың есмі Джордж Девол еді, ол робот жасаудың үдесінен шығыпты. Алғашқы сандық түрде басқарылатын және бағдарламаланатын роботты 1954 жылы Джордж Девол ойлап тапты. Бұл сайыс қазіргі заманғы робототехника саласының негізін қалады.



1. Эңгіме не туралы?
2. Данышпан балалар не істеді?
3. Роботтарды жасаудан мақсат не?



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Роботтардың пайдасы жайлы нे айта аласын?



Сөйлем аяқталған ойды білдіреді;  
Сөйлем сөздерден құралады;  
Сөйлемдегі сөздер бөлек жазылады;  
Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылады;  
Сөйлемнің сонына тыныс белгісі қойылады.



**2-тапсырма.** Суретке қарап «Қиял әлемінде» деген тақырыпта мәтін құрастыр. Зат есім, сын есім, сан есімдерді ретіне қарай қолдан?



## 124-сабак. Гуманоид роботтар



Сәлем, робот.  
Гуманоид роботтар дегеніміз не?



«Робототехника» сөзі ең бірінші рет Айзек Азимовтың 1941 жылы жарық көрген ғылыми-фантастикалық «Жалғаншы» атты әңгімесінде қолданылған. «Робототехника» сөзінің негізін қалайтын «робот» сөзін 1920 жылы Карел Чапек деген чехиялық жазушы алғаш ойлада тауып, өзінің 1921 жылы қойылып, көрермендердің ілтиратына ие болған ғылыми-фантастикалық «Россум универсал роботтары» атты туындысында қолданған.


Гуманоид роботтар – дene бітімі адам денесіне негізделген роботтар. Олар «андроид роботтар» деп те аталады. Олар адамның физиологиялық және ақыл-ой ерекшеліктері жағынан жетілдірілген. Гуманоид роботтардың басы, екі қолы, екі аяғы мен кеудесі бар. Кейібр гуманоид роботтардың беті, көзі мен аузы да болады.



**1-тапсырма.** Алдымен суретте берілген заттарды ата. Содан соң бас әріптерді құрастыру арқылы жасырынған сөзді тап?



**2-тапсырма.** Суретке қара. Мәтіндегі ақпараттан пайдаланып гуманоид роботтардың ерекшеліктерін диаграммаға түсір.



## 125-сабак. Шаңсорғыштың тарихы



Тарихта шаңды сорып алатын бірінші машина 19-ғасырдың аяғында жасалды. Оны іске қосу үшін екі бірдей ер адамның күші керек болды, себебі бір адам үрлеп тұрды, ал екіншісі шланганы ары-бері тасып жүруі тиіс еді. Бірақ шаң жиналған жоқ, керісінше сыртқа қарай үрленетін болған.

Бұл идеяны инженер Хьюберт Сесил 1901 жылы жетілдіре түсуді ойлайды.

Бірінші нұсқасы тым үлкен әрі даусы зор шығатын, сондықтан шаңсорғыш іске қосылған кезде әдетте аулада тұратын, ал шланг терезе арқылы кіргізіліп, шаңды сорып шығатын.

Бұл шаңсорғыш 1902 жылы Ветминстер аббаттығында жасап шығарылды, құрылғы Жетінші Эдуардтың таққа отыру шарасының алдында кілемдерді тазалау мақсатында арнайы ойлап табылған.



1. Мәтін не туралы?
2. Алғашқы шаңсорғыш қашан ойлап табылған?
3. Шаңсорғыштың адамзат өміріндегі пайдасы не?



**1-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттан пайдаланып алғашқы шаңсорғыш туралы мәлімет бер?



**2-тапсырма.** Жағдаят. Жақында анаңың туған күні. Ағаң анаңа робот-шаңсорғыш сыйлауды ұсынды. Әкең бұл ұсынысты қолдамады. Әкеңде дереккөздердегі ақпараттан пайдаланып, робот-шаңсорғыш туралы жазбаша мәлімет бер.

## 126-сабак. Дрондар туралы таңқаларлық деректер



Өздігінен ұшатын аппараттар («дрон» деп те аталады) дүние жүзіне көз ілеспес жылдамдықпен тараптып және күннен күнге технологиялық жағынан күрделеніп келеді.

Жапониялық ғалымдар сағатына 10 шақырым жылдамдықпен ұшатын және автокөлік тұрағында қарауыл қызметін атқара алатын ұшу аппаратын жасап шығарды. Шағын тікүшақ тәртіп бұзушыларды суретке түсіріп, тұрақтағы көлік номерін тіркей алады.

Почта компаниясы бірінші аппаратты 2013 жылы сынақтан өткізді. Оның мақсаты – адам аяғы жете бермейтін жерлерге почта жеткізу болатын. Ал 2014 жылдан бастап ондай дрондар су өткізбейтін контейнерлерге салынған почта тасуға жаппай кірісті.

Жапония және АҚШ фермерлері ұшатын аппараттарды алқаптардың үстінен тыңайтқыштар себу үшін қолданып жүр. Ол қол еңбегіне қарағанда арзанырақ түседі, ал тиімділігі бірнеше есе артық.

- ?  
1. Дрон дегеніміз не?  
2. Жапониялық ғалымдар дронды қандай мақсатта істеп шығарды?

  **1-тапсырма.** Суретке зер сал. Әрбір дронның қызметі жайлы әңгімелі және заттың сынын білдіретін сөздерді жаз.



**Үлгі:** Жылдам, ықшам ...

## 127-сабақ. Алдымен дәңгелектер пайда болған

 Велосипед, автобус, машиналарды дәңгелексіз елестету мүмкін емес. Дәңгелектер тарихына назар аударсақ, ауыр жүктөрді жылжыту үшін

қажет еді. Кейіннен бір дөңгелектің орнынан екі дөңгелектің оқтың көмегімен бірлестіріп өз жұмыстарын жеңілдеткен. Оқтың үстіне ағаш қойып дөңгелектер жүргізілген. Осылайша арбалар пайда болды. Дөңгелектің негізгі ерекшелігі – оның айналуына көмек беретін пішіні.



1. Мәтін не туралы?
2. Алғашқыда дөңгелектер не мақсатта қолданылған?
3. Бұғынгі күнде дөңгелектердің қызметі неде?



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. «Транспорттар» тақырыбында әңгіме құрастыр.



**2-тапсырма.** Айтылымда берілген заттарға етістік жалғап жаз.  
**Үлгі:** Ұшақ – ұшады.

## 128-сабак. Кездейсоқ табылған жаңалықтар



«Супер желім» – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде оптикалық көздеу (дүрбі) құрамына мөлдір пластик жасау мақсатындағы тәжірибе кезінде табылған. Пластикке жарамсыз болғанымен, кейінніректе қарқынды түрде клей ретінде нарыққа шығарыла бастады.

Пластилин – Ной және Джо Маквикер тарапынан алғашқыда дуалдағы обой дақтарын кетіруші ретінде шығарылған болатын. Балабақша балаларының оны ойыншық ретінде илеп ойнағанын байқаған өндірушілер 1955 жылдан бастап пластилин ретінде нарыққа шығарып мол табысқа кенелген екен.



1. Мәтіндегі жаңалықтар туралы айт?
2. Бүгінгі күнде желім не мақсатта жұмсалады?
3. Пластилиниң басқа заттардан ерекшелігі неде?



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Не жасау мүмкін?



Бірдеңе жайында хабарлау мақсатымен айтылған сөйлемді **хабарлы сөйлем** дейміз. Хабарлы сөйлемнің соңына нұктес (.) қойылады. Мысалы: Қанат мектепке ерте келді.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерден сөйлем құрасырып жаз.



## 129-сабақ. Табиғаттан үйренгеніміз



Адамдар көптеген затты табиғаттан үйрену арқылы жасады.

Табиғатты терең бақылап қарау арқылы ұшу аппараттарын ойлап тапты. Мәселен, құстың ұшу ерекшелігін зерттеп, оны үлкен-үлкен ұшақтар жасауға пайдаланды.

Балықтарды зерттеп, сұңғір қайық жасады. Инелікке қарап тікүшақ жасады. Міне, адамзаттың табиғаттан үйренгені көп.



1. Адамзат жаңалықтарды ойлап табуда табиғаттан қалай пайдаланды?
2. Табиғаттағы тағы қайсы жануарлар мен жәндітерге қарап қандай жаңалықтар ойлап тапқан?



**1-тапсырма.** Адамдар мына көліктердің қайсысын қай жануарға қарап ойлап тапты?



**2-тапсырма.** Көркем жаз.

Батыр болам, –  
Көк аспанды сүйемін.  
Жұлдыздарға  
Барып-келіп жүремін.

*Тұманбай Молдағалиев*

## 130-сабақ. Ұшақ тарихы



Ағайынды Райттардың ұшақты ойлап табуына «геликоптер» деп аталатын ойыншық себепкер болған. 1878 жылдың көктемінде іс сапардан келе жатқан Мильтон Райт балаларына сыйлық алмақшы болып ойыншықтар дүкеніне бас сұғады. Дүкенде оның назары бұрын-соңды өзі де көрмеген ерекше ойыншыққа ауады. Бұрамасын бұраған соң ойыншық ызылдаған дауыс шығарып, тірі жәндік сияқты аспанға ұшады екен. Мильтон Райт ойыншықты сатып алды.

Күні бойы жаңа ойыншықпен ойнайтын ағайынды балалар ақыры бір күні ойыншықты сындырып тынады. Әкелері болса осындағы қымбат ойыншықты күтіп ойнамағандары үшін балаларына ұрсады. Бірақ ойыншық бекерге сынбаған еді. Балалар геликоптердің қалай жасалғанын көру үшін ішін ашады. Осылайша бұл жағдай ағайынды балалардың ұшатын аппарат жасау туралы ойларына түрткі болады.



1. Мильтон Райттың балаларына алған сыйлығын сипаттап бер?
2. Балалардың геликоптердің сындырудады мақсаты не еді?

### Сөздікпен жұмыс:

Геликоптер – аяға тік көтерілетін әуе кемесі.



**1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешуін тап.

Құстан аумайды,  
Көкте заулайды. (...)


Көшे бойлап аяндайды,  
Адам тасып аялдайды. (...)

Екі аяқты бір басты  
Жүгіреді тым қатты. (...)





**2-тапсырма.** Ұшақты сипаттап, мәтін құрастыр.



## 131-сабақ. Компьютер



«Компьютер» сөзі ағылшын тілінің «to compute», «compute» сөздерінен шыққан. Бұл сөз «есептеу», «есептегіш» деген мағынаны білдіреді. Бірінші электронды есептеуіш машина 1946 жылы жасалды. Оның салмағы бірнеше тонна болды, ол бірнеше бөлмені алып тұратын. Мұндай машиналардың кімет орындары мен үлкен зерттеу үйымдары ғана пайдаланған. Алғашқы компьютерлер есептеу үшін, мәлімет қоры үшін қолданылған.

Дербес компьютерлер 1990 жылы жасалды. Қазіргі өмірімізді компьютерсіз елестете алмаймыз. Компьютердің көмегімен ақпараттарды сақтауға және тасымалдауға болады.



1. Алғашқы компьютер туралы не айта аласың?
2. Компьютерлер не үшін қажет?



**1-тапсырма.** Компьютерлердің атауын ата және олардың жетістіктерін айт.





**2-тапсырма.** «Егер компьютер болмаса.....» тақырыбында эссе жаз.

## 132-сабак. Ұялы телефонның шығу тарихы



1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің Шешендік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстыруышы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландықтың бұл жаңалығы тарих бетінде телефон деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда «қоңырау» деген мағына береді.




Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде ең алғашқы ұялы телефондар пайда болды. Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығына қазір әлем халқының жартысына жуығы күнделікті қолданып отыр.



1. Алғашқы телефонды кім ойладап тапты?
2. Телефондардың қызметі неде?



**1-тапсырма.** Көзқарас.



Жауап алу мақсатында айтылған сөйлемді **сұраулы сөйлем** дейміз.

Сұраулы сөйлемнің соңына сұрақ белгісі (?) қойылады.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшіріп жаз.

Әлеуметтік желілердің пайдасы .... . Әсел бүгін әлеуметтік желіде .... ұзақ отырды. Әсел .... оның кішкентай інісі де әлеуметтік желіде отырады. Бұл әлеуметтік желі ...

**Қажетті сөздер:** тым, бар ма? түгіл, ғой.

## 133-сабак. Көмекші компас



Біз 2-сынып оқушылары және табиғаттану мұғалімі Ержан ағаймен бірге табиғат қойнына саяхатқа шықтық. Саяхат барысында өсімдіктер әлемі мен жануарлар әлемі жайлы көптеген мәліметтермен таныстық. Бір кезде біздің көмекші компасымыз суға түсіп, істен шықты. Сол кезде Ержан ағай бізге: «Табиғаттың өзі компас, ол бізге жол көрсетеді» деп адаспай үйімізге қайта оралдық. Жол-жөнекей «Компас I-II ғасырларда Қытайда пайда болған. Он екінші ғасырда Қытай халқы компастан пайдаланған, кейіннен Европалықтар компас негізінде карталарды істеп шыққаны жайлы мәліметтер берді».



1. Компас не үшін қажет?
2. Ержан ағай қалайша адастырмай оқушыларды үйіне алып келді?



**1-тапсырма.** Компастағы әрбір белгі нені білдіретінін айт?



**2-тапсырма.** «Көмекші компас» мәтінінен Ержан ағайдың сөзін тауып жаз. Сөйлемнің қай түріне жатады?

## 134-сабақ. Электр әлемі



Бұғінде адамзат тіршілігін электр қуатының елестету қыын. Электр қуаты үйлерді, көшелерді жарықтандырады, үй ішінің жайлылығын қалыптастырады. Азық-түлік сақтауда, тағам өзірлеуде, үйдің ішін тазалауда, теледидарды, компьютерді іске қосуда, кір жуу, кептіру, үтіктеуде қолданылады. Зауыт, фабрикаларда станоктарды, басқа да құрал-жабдықтарды іске қосады. Электр қуатын қолдана білу өте маңызды.



1. Электр қуатының адамзатқа пайдасы неде?
2. Электр қуатын не үшін үнемдеу қажет?
3. Адамзат электр қуатының жасай алады ма?



**1-тапсырма.** Электр қуаты арқылы жұмыс жасайтын құралдарды ата. Олар қандай қызмет атқарады? Бұл заттарға ортақ қандай қасиет бар?



**2-тапсырма.** Суретке зер сал және жалғастыр.



Электр жүйесін шамадан тыс көп қолдануға ...  
Электр құралын токқа қосулы күйінде қалдыруға ...  
Электр құралын өз еркінмен жөндеуге ...

## 135-сабақ. Радио мен теледидар



Үстел үстінде радио мен теледидар қатар тұратын. Үй ішіндегілер теледидарды қызықтайтын. Радионың бүған қатты намысы келетін.

– Сен келдің де, мен ескерусіз қалдым, – дейтін ылғи. Теледидарды атарға оғы жоқ еді. Ал ол болса, бүған еш ашуланбайтын.

– Екеуміз кезек сөйлейік, – дейтін.

– Мен сөйлеп болған соң, сен сөйле.

– Көрсетемін кезекті, – деді радио қатты ашуланып.

– Тапқан екенсің ақымақты!

Сөйтті де, теледидармен қосыла сөйлеп, оны мазақ ете бастады. Тыңдал отырған иесі радионы өшіріп тастады.

Балтабай Әбілов



1. Радионың істеген ісі дұрыс па?

2. Теледидардың кішіпейілділігі неде?



**1-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша теледидар мен радионы салыстырып сипатта. Қайсының іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсың?



**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап.

Әрі шешен, әрі әнші, әрі күйші,

Әр үйде бар, тапқышым, кәне, білші. (...)



## 136-сабақ. Құн шыққанда

Шырт үйқыға жатқанда,  
Шырылдайды торғайым.

Үйқыны ашты, оятты.

Мал масайрап өрісте,

Құрт-құмырсқа өрісте,

Тұр, көкешім, құн шықты.

Қалыпсың ұйықтап, қарағым,  
Қалды-ау сенің сабағың,  
Жуын, жүгір мектепке.  
Ашасың көзді сабақтан,  
Алсан әлім кітаптан,  
Боласың адам мектепте.


Ілияс Жансұгиров




**Сөздікпен жұмыс**  
Масайрап – еркін, рақаттанып.



**1-тапсырма.** Берілген сурет негізінде сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлем құрастыр.



**2-тапсырма.** Төмендегі берілген суреттердегі табиғат деңелерінен қандай жақсы қасиеттерді үйренуге болатынын тауып, дәптерге жаз.



### 137-сабак. Күн, жел және су



Ерте, ерте, ертеде осыдан көп жыл бұрын су болмапты.  ,  ,  шөлдеп, қурап,  солады. Күннен көмек сұрайды.

Көмектесуге уәде берген желге келеді. көлдердің сүйн қыздыра бастайды. Су тамшылары буға айналып, аспанға көтеріледі. Ол жерде тамшылар бірбірімен қосылып, қа айналады. Жерге жауды. Жер рақаттана демалады. Жаңбыр сүйнә шөлі қанған өсімдіктер мен құстар қуанды.



1. Ертегідегі табиғат құбылыштарын ата?
2. Табиғат неге қуанды?



**1-тапсырма.** Суреттегілерді бір сөзben ата.



**2-тапсырма.** «Күн, жел және су» ертегісіндегі зат есімдер мен етістіктерді теріп жаз.

## 138-сабак. Жел мен Күн

Бір де күн мен жел, бұл әлемде мен күштімін, деп таласып қалыпты. Сонда күн мен жел «бірінші кездескен жолаушының тонын кім шеше алса, сол күшті болады», – деп серттесіпті.

Жел кездескен жолаушыға өз самалын жібере бастапты, ал жолаушы болса жел күшейген сайын тонына қатты жабысып жолды жалғастырыпты. Желдің ашуы шығып қатты есе бастапты, қанша тырысқанымен жолаушының тонын шеше алмапты. Кезек Күнге келіпті. Күн өз нұрын жерге сеуе бергенде жолаушы терлей бастады. Ал күн нұрын мейірмен қыздыра бастайды, ыстықтаған жолаушы тонын шешіп, өз жолын жалғастырыпты. Сонда Күн: «Әнен, көрдің бе? Зорлық-зомбылықпен ештеңеге жете алмайсың! Мейірмен көп нәрсеге жетсе болады» – деген екен.

Эзоп



1. Күн мен жел неге таласты?
2. Жел не істеді?
3. Не үшін әңгіме «Жел мен Күн» деп аталған?



**1-тапсырма.** Тәуліктің қай кезі?



**2-тапсырма.** Күн, жел, ай, жаңбыр, қар сөздеріне етістік қатыстырып сөйлем құрастыр.


## 139-сабак. Жыл басы



Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар. Мүшел – он екі жыл болады. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұксайды. Мысалы: әуелі жыл мүшелде –тышқан, екінши сиыр, онан соң – барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит және доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туғанын айтса, адамның жасын тауып береді.



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Мұғалімнің көмегімен «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісіндегі жануарлардың таласын рөлге бөліп айтыңдар.





**2-тапсырма.** Сурет негізінде жыл және он екі айдың қазақша атауларын жаз.



## 140-сабак. Жоғалтып алған күн



Бірде Нұржанның ағасының досы келді. Ол бір күрсініп алып:

Бір күнімді жоғалтып алдыым! – дейді.

Досы кеткеннен кейін Нұржан ағасынан:

Күнді жоғалтып алу мүмкін бе? Олар бір-бірінен аумайды ғой! – деп таңданады.

Уақыт мөлшеріне қарай күндердің бәрі бірдей, бірақ олар бір-бірінен жасалған істер және тыңдырылған әрекетке байланысты ерекшеленеді, – деп, жауап бере отырып, ағасы әрі қарай жалғастырды. Адам баласының пайдалы іс жасамаған немесе көп білуге қажетті ешқандай әрекеттенбеген күні болса, онда ол бос өткені, жоғалып, жоқ санатында есептелетін күн деп аталады.

Сол күннен бастап Нұржан ұйықтар алдында сол күні жасаған істерін, білген мағлұматтары жайында үнемі айтатын болды.



1. Өтіп жатқан күндер бір-бірінен қалай ерекшеленеді?
2. Күннің босқа өтуін қалай түсіндің?



**1-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің қайсы бірі мәтін мазмұнына сәйкес келетінін айт.

1. Уақытыңың босқа өткені – Өміріңнің босқа кеткені.
2. Уақыт – көшкен керуен.
3. Уақыт қадірін білген, қатарынан озар.



**2-тапсырма.** «Менің бір күнім» тақырыбында эссе жаз.



## 141-сабақ. Күн тоқыған кілем

Күн  
Кілем тоқиды,  
Нұрымен тоқиды,  
Гүлмен тоқиды.

Ол  
Асыл зер кілем,  
Жалпақ кең кілем,  
Жерге тең кілем.


*Мұзафар Әлімбаев*



1. Қалай ойлайсың күн кілем тоқи ала ма?
2. Өлеңнің алғашқы шумағы неліктен олай аталған?



**1-тапсырма.** Табиғат ағашында көп нұктенің орнына нелер болу керек?



**2-тапсырма.** Берілген кестеден табиғатқа тиісті зат есімдерді тауып жаз.



б	ұ	л	т	н	у
ж	е	л	о	р	м
а	н	к	ү	н	а
й	а	с	п	а	н
с	у	ж	а	н	т

## 142-сабак. Табиғатты қорғау үшін бәріміз



Табиғатты қорғау үшін бәріміз,  
Күресейік, бір-бір ағаш егейік.  
Текке отырмай, жасымыз бен көріміз,  
Таза ауа үшін терімізді төгейік.  
Сүйейік табиғатты аялайық,  
Біз одан жақсылықты аямайық.  
Анадай табиғаттың аясында,  
Жадырап жас балаша дем алайық!



1. Өлеңдегі негізгі ойды тап?
2. Табиғаттың адамзат үшін пайдасы туралы айт.



**1-тапсырма.** Суретке қара. Жылдың қай мезгілі суретtelген. Зат есім мен етістіктерді қатыстырып сөйлем құрастыр.



**2-тапсырма.** Көркем жаз. Зат есімдер мен етістіктердің астын сыз.

Табиғаттың берген сыйы – жер, су, ауа және күн. Жер бізге азық береді. Ауамен тыныстаймыз, сумен шөлімізді қандырамыз, күнмен жылдынамыз.



## 143-сабақ. Мен не үйрәндім?

**Сұрақтарға жауап бер:**

1. 1954 жылды Джордж Девол не ойладап тапты?
2. Гуманоид роботтар туралы не айта аламыз?
3. Бұл сурет қайсы әңгімені еске түсіреді? Әңгіме не туралы еді?



4. Сөйлемді оқы. Жапониялық ғалымдар сағатына 10 шақырым жылдамдықпен ұшатын және автокөлік тұрағында күзетші қызметін атқара алғатын ұшу аппаратын жасап шығарды. Үзінді қай мәтіннен алынған?
5. Ұялы телефонның шығу тарихы жайлы не білесін?
6. Сонда Құн: «Өне көрдің бе? Зорлық-зомбылықпен ештеңеге жете алмайсың! Мейірмен көп нәрсеге жетсе болады» – деген екен. Үзінді қай әңгімeden алынған? Әңгіме мазмұнын еске түсір?
7. «Жоғалтып алған құн» әңгімесінің кейіпкерлерін ата? Әңгіменің мазмұнын еске түсір?

**Жұмбақтардың шешуін тап.**

Жылт-жылт еткен,  
Жылғалардан өткен. (...)



Қанаты жоқ ұшады,  
Аяғы жоқ қашады. (...)

Аспандағы алып доп,  
Жарқырайды жарық боп. (...)

## 144-сабақ. Ана тілі

Ана тілің, біліп қой –  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің, біліп қой –  
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тілінді құрметте.  
Қадыр Мырзалиев



1. Ақын өлеңде ана тілінің құдіретін қалай көрсеткен?
2. Ақынның «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деген ойын талқыла.



**1-тапсырма.** Мақалды оқы. Мағынасы қара-ма-қарсы сөздерді тап. Жұп болып мақалдың мағынасын бір-біріңе түсіндіріп көріндер.

Аз сөйле, көп тыңда.



**2-тапсырма.** Мәтінді көшіріп жаз. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қой.

Сөйлеу – ғажап құбылыс. Ол адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін қажет.

Ана тілінді құрметтеп, еркін әрі таза сөйлеп үйрен.

## 145-сабақ. Ауызша және жазбаша сөйлеу



Біздің еститініміз және айтатын сөйлемдеріміз ауызекі сөйлеу деп аталады. Яғни бұл – үн арқылы берілетін сөйлеу.

Жазбаша сөйлеу – жазылып берілетін хабар. Сөйлеудің бұл түрі бірден пайда болған жоқ. Алғашқыда адамдар айтқысы келген ойын суретпен бейнелеген. Мұндай суретті бейнелер ескі үнгір қабырғалары мен тастарда сақталған.

Қазір жазу үшін әріптер және бейнелер пайдаланылады.



1. Ауызекі сөйлеу дегеніміз не?
2. Жазбаша сөйлеу дегеніміз не?
3. Алғашқыда адамдар ойын қалай жеткізген?
4. Алғашқы жазулар қай жерде сақталған?



**1-тапсырма.** Суретте адамдар бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасауда. Олардың қайсысы ауызша, қайсысы жазбаша сөйлеуді қолданды?



**2-тапсырма.** Диалогты көшіріп жаз және жалғастыр. Сөйлеудің қай түріне жататынын анықта.

- Амансыз ба, әже!
- Аманбыз, балам!
- Халіңіз қалай, әже?
- Аллаға шүкір, жақсымын, балам.
- ...

## 146-сабак. Кітапханада



Менің нағашы әпкем кітапханада жұмыс істейді. Мен кітапханада **кітап** алуға бардым. Нағашы әпкем:

- Саған қандай кітаптар үнайды? – деп сұрады.
- Маған шытырман оқиғалы кітаптар үнайды.

Мен кітапханадан бірнеше кітап алдым.

- Алған кітабынды жыртпай, уақытында өткіз, – деді әпкем.

Мен **кітабымды** уақытында қайтаруға уәде бердім.  
«Балдырган» журналынан



1. Сен қандай кітап оқығанды ұнатасың?
2. Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді салыстыр. Неліктен п дыбысының б дысына өзгеруінің себебін айт. Төмендегі ережемен салыстырып көр.

П дыбысымен аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **п**-дыбысы, **б**-ға айналады: кітап-кітабы, талап-талабы.



**1-тапсырма.** Берілген кітаптардың қайсысын таңдар едің? Неліктен?



**2-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздерді салыстыр. П-дыбысының б-ға өзгеруі себебін түсіндір.

Мен кітапханаға жиі барамын. Онда кітап көп. Алған кітабымды таза ұстаймын.


## 147-сабак. Кітапхана



Ажар мен Айдар кітапханаға барды. Онда кітаптар мен газет-журналдар өте көп. Ажар «Балдырған» журналын алғып оқыды. Ол журналда сыныптасты Айдардың өлеңі шықты. Айдар «Қазақтың 1001 мақал-мәтелдері» кітабын алды. Себебі, Айдар «Мақал – сөздің мәйегі» сайысына қатысады.



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Рухани бай, білімді болу үшін өздеріңе қажетті кітаптар тізбегін жаса.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, жаңа сөздер жаса.



## 148-сабак. Кітап білім бұлағы

Білім алар көп адам  
Жақсы нәрсе жоқ одан.  
Қызыға кеп оқимын,  
Кітап көрсем жаңадан.  
Кітап – маған ұнады,  
Кітап – білім бұлағы.  
Кетпейді ешбір жадымнан  
Тастамай сені жаңымнан  
Қолтықтап жүрдім ұдайы.  
Кітап – білім бұлағы.




Динара Сазанбаева



1. Өлеңдегі негізгі ойды анықта?
2. Сен кітап оқуды ұнатасың ба?



**1-тапсырма.** Суретті кроссворд. Шешудегі сөздің пайдасы туралы айт.



**2-тапсырма.** Мақалдарды сәйкестендір. Өлең мазмұнына сәйкесін тауып жаз.

Наданмен қас болғанша,  
Кітапты сүйіп оқы,  
Кітап көзі жұмыққа арзан

Көңілге түйіп оқы.  
Көзі ашыққа маржан.  
Кітаппен дос бол.

## 149-сабак. Әлемдегі ең алғашқы кітапсыз кітапхана




Техастың Сан-Антонио қаласында бұрын болмаған BiblioTech кітапсыз кітапхана ашылмақ. Бұл кәдімгі кітаптарды электрондық нұсқаумен ауыстырған әлемдегі ең бірінші әрі ерекше кітапхана болмақ. Электрондық кітапхана ашуға Apple корпорациясының іргесін қалаушы Стив Джобс туралы жазған өмірбаяндық естелік себеп болған. Алғашқы кезде мұнда электронды кітаптарды оқуға арналған 100 құрылғы орнатылады. Оны кітапхана залында емін-еркін пайдалануға немесе белгілі уақытқа үйге алып кетуге болады. Кез-келген адам BiblioTech-ке келіп, тіпті ұнаған кітаптарын көшіріп алуға да рұқсат беріледі.



1. BiblioTech кітапханасының ерекшелігі неде?
2. Электрондық кітапхананың ашылуына не себеп болды?
3. Сен электронды кітаптан пайдаланасың ба?



**1-тапсырма.** Электронды кітаптың қағаз кітаптан артықшылығын айтып көр.



**2-тапсырма.** Жақшаның ішіндегі қажетті сөздерді таңдап, жаз.

«Кітап білім бұлағы» деген ... (дана сөз, қызық сөз, әдемі сөз) бар. Білімнің пайдасын білетін адам ... (киім, байлық, ойыншық) жинамайды, кітап жинайды. Біздің үйде ... (үлкен, ұзын, жалпақ) кітапхана бар. Кітапхана да ертеғілер, ... (тамактар, ыдыстар, сөздіктер) түрлі қызықты энциклопедиялар бар.

## 150-сабақ. Сыйластық



Ербол бүгін жарыста болып, сабаққа бармай қалды. Кешкісін Жантастың үйіне барып, үйге берген тапсырманы сұрады. Ол көшіріп алуға дәптерін берді. Сол кезде Жантастың үйіне Ермек келіп қалды. Ол Ерболдың асығыс көшіріп жатқанын көріп: «Сен оны текке көшірме, мен саған шығару жолын түсіндірейін, сонан соң өзің де үйреніп аласың», – деді.

Ербол досының сөзін мақұлдап, оған ризалығын білдірді.



1. Мәтін кейіпкерлері кімдер?
2. Ермектің іс-әрекетін мақұлдайсың ба?
3. Мәтіндегі оқиғаға сенің көзқарасың қандай?



**1-тапсырма.** Суреттерге зер сал? Суреттер мәтіннің қайсы бөліктеріне сәйкес келетінін айт.





**2-тапсырма.** Мәтіннен Ермектің сөзін көшіріп жаз.

## 151-сабақ. Кішіпейілділік



Біздің Айша апай тәрбие сағаттарын қызықты өткізеді. Бірде ол келесі тәрбие сағатында өзара сынға түсетінімізді хабарлады. Өзара сынау кезінде әрбір сынаушы сынайтын досының әуелі жақсы жағын, содан соң кемшілігін дәлелдеп айту қажет екендігін ескерту.

Серік пен Арнұр өзара сын айтысына түсті. Айтысты Серік бастады.

— Досым, Арнұр! Мен сенің әдептілігің мен кішіпейілдігінді үлгі тұтамын. Дегенмен, сенің жеңе алмай жүрген кемшілігің бар. Ол – жалқаулық. Сен жалқау болмасаң, үштік бағаларың болмас еди.

Арнұр....



1. Мәтін не туралы? Мәтіннің аяқталмай қалған бөлігі қайсы?
2. Арнұрдың жалқаулығын айтуы дұрыс па?
3. Арнұрдың не деп айтқанын жалғастырып көр.



**1-тапсырма.** Парталас жұбынмен мақалдың мазмұнын талқыла.

Жақсыдан үйрен,  
Жаманнан жирен.



**2-тапсырма.** Суреттерге қара. Әрқайсысының мазмұнына лайық (не істеді, қандай, неліктен) сұрақтарын пайдаланып, мәтін құрастыр.



## 152-сабак. Қаз дауысты Қазыбек



Қаз дауысты Қазыбектің атағы шығып тұрған кезде аулына бір саудагер келіпті. Түстеніп, та-мақ ішіп болған соң Қазыбекке:

- Би, бір сөз сұрайын деп едім, – депті саудагер.
- Сұраңыз, – депті Қазыбек ырзалық білдіріпті.
- Біз керуен едік, өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуін таба алмай қойдық. Сөздің атасы кім? анасы кім? – депті.

Қазыбек ойланып жауап бергенше «Япыр-ай бұл сөзді саудагер ғана білмейді десек, қазақтың Қазыбегі де білмейді еken ғой, биыл таппасаңыз, ендігі жылы табарсыз», – деп үйден шығып кетіпті.

Қазыбек орнынан тұрып, іле-шала тысқа шықса, саудагер асығыс атқа мініп қалған екен.

– Япымай, артыңа қарамай, асығыс аттанғаның не? Әлгі сөздің шешуін іздең, ендігі жылы екі келіп, саудаңнан қаларсың, артыңа қарамайтын болып кет. Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық! Жолың болсын жүрген жерінде айта жүр, – депті.



1. Мәтін не туралы?
2. Қазыбек бидің жауабынан нені түсіндіндер?



**1-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақ шешуі болған тыныс белгілеріне екі-екіден сөйлем құрап жаз.



Ойды аяқтап тұрады,  
Жауап сөз қалап тұрады. (...)  
Ұранды, шаттықты,  
Өкініш, аптықты,  
Білдіріп ойын талайдың,  
Шарға ине қадаймын. (...)



**2-тапсырма.** «Қаз дауысты Қазыбек» әңгімесінен сұраулы және лепті сөйлемдерді көшіріп жаз.

## 153-сабак. Сөз және мағына



Бір адам алыс сапарға шықпақшы болады. Үйінде қалған екі қап бидайды өзі келгенше сақтап қоюға көршілеріне қалдырады. Көршілердің бірі бидайды үйдің астыңғы қабатындағы қойманың бір бұрышында сақтайды. Екінші көрші қаптың аузын ашып, тұқым ретінде жыртылған егістікке егеді.

Адам сапардан оралған соң, бидайды алу үшін көршілеріне барады. Бірінші көршісі сақтаған бидайды қоймадан алып шығады. Сыртынан бүтін көрінген қапты ашқанда, жартысының бұзылғанын, қалған жартысының құрт жегенін көреді.

Ешқандай пайдаға жарамайтын бидайды не істесін. Қатты ашуланған адам екінші көршісіне барып, бидайдын сұрайды. Көршісі қолынан ұстап: . . .



1. Қай көрші адамның айтқанын дұрыс түсінді?  
Неге?
2. Әңгіменің мазмұнын өз сөзіңмен жалғастыр.



**1-тапсырма.** Сәйкестендір және мағынасын түсіндір.

Тіл қаруы  
Сөз қаруы  
Сөз адамның

ой  
айнасы  
сөз

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұрады. Сөздердің байланысып тұрғанын сұрақ қою арқылы анықтаймыз.



**2-тапсырма.** Жақша ішіндегі сұрақтарға жауап бер және сөйлемдерді толықтырып жаз.

Адам риза болып (не істеді?). (нені?) тұқым ретінде ектім. Арғы көршім (ненің?) мағынасын түсінбеді. Қалғаны (кімге?) қалсын.

**Қажетті сөздер:** өзіне, сөздің, күлімсіреді, бидайды.

## 154-сабак. Шегенің ізі



Мінезі жаман бір жас жігіт болса керек. Ешкім оны түзей алмапты, қателігін айтқан сайын ызалаған түсіпті. Бір күні әкесі оған іші шегеге толы бір жәшік беріп: «Маңайындағы достарыңмен әр жанжалдастып қалған сайын тақтайға бір-бір шегеден қағып отыр», – деп табысталды.

Алғашқы күні-ақ баласы тақтайға көп шеге қағыпты. Келесі күндері де аз болмапты. Осы қарқынымен, әлгі тақтайды толтыруға аса көп уақыт жұмсамапты. Тақтайдың толғанын көргенде әкесі оған: «Енді сол достарыңмен жеке-жеке татулас. Әр татуласқан сайын бір шегеден суырып отыр», – дейді.

Біраз күндер өтіпті. Бір күні қараса, қағылған бар шеге суырылып біткен екен. Сонда оны сырттай бақылап жүрген әкесі баласын тақтайдың алдына ертіп әкеліп: «Балам, жарайсың, жарадың», – депті.

Алайда мына тақтайға жақсылап тұрып қараши? Шегелерді суырғанда қалып қойған орындарын, қарайған көп тесікті көріп тұрсың. Тақта әуелгісіндей таза қалпында, әдемі болып қалмады. Достарыңмен төбелескен сайын арада жаман сөздер айттылады. Әр



реніш сөз көнілде мына шегенің орны тәрізді бір-бір дақ қалдырып отырады – деген екен өмірлік ұмытылмас сабақ ұқтыра.



1. Әкесі баласына қандай кеңес айтты?
2. Баланың бойынан қандай жақсы қасиеттерді байқадың?
3. Бала өз мінезін қалай түзеді?



**1-тапсырма.** Ойтолғаныс. Сұрақтарға жауап бер және көркем жаз.

«Не істеуге болмайды?»

- Үлкендердің алдынан ... (ренжітүге болмайды.)
- Кішкене баланы ... (айғайлауға болмайды.)
- Құстарды ... (кешігүге болмайды.)
- Қыз баланы ... (кесіп өтуге болмайды.)
- Сабақтан ... (атуға болмайды.)
- Сыныпта ... (жылатуға болмайды.)

«Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні ... (сәлем беру керек.)
- Үлкеннің тілін ... (қамқор болу керек.)
- Үлкендерге ... (булу керек)
- Кішілерге ... (алу керек.)
- Оқу құралдарын ... (сыйлау керек.)
- Тәртіпті ... (күтіп ұсташау керек.)

## 155-сабақ. Құм мен тас



Екі дос шөл далада саяхаттап жүреді. Бір кезде екеуі ұрысып қалады да, біреуі екіншісінің жағынан тартып жібереді. Соңғысы ауырсынса да, ештеңе айтпайды, тек құмға былай деп жазады: «Бұғін менің ең жақсы досым менің жағымнан шапалақпен тартып жіберді».

Олар әрі қарай жүріп келе жатып, көгалға кездеседі, сол жерде шомылып алмақшы болады. Шапалақ жегені

суға секіріп кетеді де, батып кете жаздайды. Бірақ досы оны құтқарып қалады. Ол өз-өзіне келген кезде, тасқа былай деп жазады: «Бүгін менің ең жақсы досым менің өмірінді құтқарып қалды». Сол кезде оны жағынан тартып жіберген, құтқарып қалған досы сұрайды:

– Мен сені ренжіткенде сен құмға жаздың, ал енді тасқа жазып жатырсың. Неге? – деп сұрайды.

Досы былай деп жауап береді:

– Бізді біреу ренжіткенде, жел оны өшіріп тастауы үшін біз оны құмға жазуымыз керек. Ал біреу жақсылық жасаса, оны өшірмейтіндей етіп, тасқа қашап жазуымыз керек. Өкпенді құмға, қуанышынды тасқа қашап жазып үйрен.



1. Не себепті ренжігенін құмға жазды?
2. Жақсылық жасағанды тасқа неліктен жазды?
3. Бұл оқиғадан қандай ой қорытар едің?



**1-тапсырма.** Суреттерге зер сал. Қайсы баланың іс-әрекетін мақұлдамайсың. Не үшін?



**2-тапсырма.** «Жақсы бала болу үшін....» не істеу қажет? Өз ойынды жаз.



## **156-сабак. Жақсы деген не? Жаман деген не?**

Биязы міnez тілалғыш,  
Бал-бұл жанып жүретін,  
Бауырмалдық сол – ?  
(жақсы)

Беті-қолың кір-кір боп,  
Берекесіз ыржақтап  
Бейбастық өссен сол – ?  
(жаман)

Үйдің ішін тазалап,  
Үстіңе де қарайлап,  
Үлгере алсаң сол – ?

(жақсы)

Ата-ананың ақылын,  
Ала білмей кезінде,  
Ақымақ болсаң сол – ?

(жаман)

Ұшып-қонып жүретін,  
Шегірткедей еріншек,  
Ұшқалақ болсаң сол – ?

(жаман)

Рақат, ләззат табасың,  
Риза боп-ақ қаласың.

Жақсы бала бес алып,  
Жадыратар мамасын.



1. Өлеңдегі негізгі ойды анықта?
2. Жақсы бала мен жаман баланың бойындағы қасиеттерді айт?
3. Жақсы қасиеттерді кімнен үйренеміз?



**1-тапсырма.** Ағаштарға құрметті, ізетті білдіретін сөздерді іліндер. Ағаштарға ат қойындар.



Жапырақтардағы сөздердің үлгісі: өтіңіз, жолыңыз болсын, ала ғой, тыңдай ғой, сізге рақмет, отырыңыз, ғафу етіңіз, сау бол, айта ғой, сау болыңыз, алыңыз, айтыңыз, әдепті бол, сыпайы бол кешіріңіз, кешірім ет, көмектес, жол бер, сыйлы бол.



**2-тапсырма.** «Менің айтар ақылым...» тақырыбында қарындастыңа (сіңліне), ініңе арнап ақыл хат жаз.

## 157-сабақ. Мен не үйрәндім?



**1-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеудің айрымашылығы неде?
2. «Шегенің ізі» әңгімесінің қатысушыларын ата. Әңгіменің мазмұнын еске түсір.
3. «Құм мен тас» әңгімесінің мазмұнын есіңе түсір. Ондағы негізгі ойды анықта.



**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тауып жаз.

1. Жылт-жылт етіп төбемде,  
түсе алмай тұр төменге.

2. Аяғымда  
Басы қайқы қос сырық.  
Таяғым да

Кұады оны састырып.

3. Суық мезгіл.

4. Мұртын сипап күн бойы,  
Бетін сусыз жуады.

Тысырды аңдып тұн бойы,  
Тышқанды көп қуады.

5. Кесе, шыны, пиала –  
Оларсыз шай құя ма?  
Қасықсыз тамақ жемейді,  
Бәрінің атын не дейді?



1. Айналада ақ отау,  
Аузы-мұрны жоқ отау.

2. Қыстың екінші айы.

3. Даусы бар, жаны жоқ,  
Шертсөң күйі әні көп.

4. Мінсем, төменге зу етем.  
Өрлесем, оны өзім сүйретем.

5. Қасиетті тағам.



## 158-сабақ. Саяхат



Саяхатқа шығу туризм дегенді білдіреді. Нағыз туристер саяхатта жүргенде демалып қана қоймайды. Сонымен бірге саяхат жасаған жерлері жайында егжей-тегжейлі білуге талпынады. Саяхатшылар – табиғаттың нағыз қорғаушылары. Олар ағаштарды бекерден-бекер кеспейді. От жақпайды. Жас шыбықтарды сындырмайды. Қайта табиғат зиянкестерімен күрес жүргізеді.

Екінші, үшінші сынып оқушылары мұғалімдерімен бірге 8-10 километрден аспайтын, бір күндік жорықтарға шығады.

*«Ол кім? Бұл не?» кітабынан*



1. Саяхатшыларды неліктен табиғат қорғаушысы деп атایмыз?
2. Сен саяхат жасағанды ұнатастың ба?



**1-тапсырма.** Суретке қарап, қай қалаға саяхатқа шығатынымызды болжа.



**2-тапсырма.** «Ташкент қаласына саяхат» тақырыбына әңгіме құрастыр. Әңгімелерінде мәндес, мағыналас сөздерді пайдалан.



## 159-сабақ. Самарқант

Көз тартады өрнегі  
Күнмен бірге нұрлана.  
Мұнда туып, өрледі  
Ұлықбектей бір дана.

Көріп пе ең әр елде,  
Мұндай әсем қаланы?  
Аян бүгін әлемге  
Регистандай алаңы.

Сан ғасырды иықтап,  
Сәулет құрды қаламыз.  
Мәңгі жатыр ұйықтап  
Әмір Темір бабамыз.

*Наурызбай Жарбосынұлы*



1. Өлеңдегі ата-бабаларымыз туралы не білесің?
2. Регистан алаңы туралы естігенің бар ма?



**1-тапсырма.** Диалог сұрақтары мен жауаптарын толықтыр.

– Самарқант қандай қала?

– \_\_\_\_\_ ?

– Самарқантта Әмір Темірдің кесенесі бар.

– Мырза Ұлықбек кім болған?

– \_\_\_\_\_

– Саяхатқа шығатын адамға қандай тілек айтылады?

– \_\_\_\_\_



**2-тапсырма.** Мәндес сөздердің қолданылуына мән беріп, сөз тіркестерін көшіріп жаз.

Әйгілі қала, атақты ғұлама, сәулетті жәдігерлік, көрікті ғимарат, көне ескерткіш, тарихи қазына.



## 160-сабак. Регистанға саяхат



Өткен жексенбі күні біз жанұямызбен Самарқант қаласындағы Регистан алаңына бардық. Регистан алаңы үш үлкен ғимараттан құралғанын өз көзімізбен көрдік. Бұл ғимараттар Ұлықбек, Тіллақары, Шердар медреселері деп аталады. Мырза Ұлықбек құрғызған медреселердің ең көрнектісі Ұлықбек медресесі еken. Ол өз дәуірінде ірі ғылыми орталық болып, онда атақты ғалымдармен қатар Мырза Ұлықбектің өзі де сабак берген еken.



Тіллақары медресесінің маңдайшасы алтынмен нақышталғаны үшін солай аталған. Ал Шердар медресесі айбатты арыстан мен киіктің суретімен безендірілген. Ғимараттардың ішінде гит бізді тарихи жәдігерліктер туралы мәліметтермен таныстыруды. Біз саяхаттан жақсы әсер алып қайттық.



1. Регистан алаңында ғимараттар қалай аталады?
2. Ғимараттар бір-бірімен қалай ерекшеленеді?
3. Гит деп кімді айтамыз?



**1-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап. Суреттегі көлікпен қайда саяхат жасауға болады? Әңгімелеп бер.

Тізбектелген көк үйлер,  
Көшіп жүрген көп үйлер.





**2-тапсырма.** Суретке қарап балалар қайда саяхатқа бармақшы болғаны туралы сөйлем құрастыр. Сөйлем ішінде мәндес сөздерді қолдан.



## 161-сабақ. Уәдеге берік болу



Әмір Темір өзінің жорыққа бара жатқан жолында қазіргі Түркістан жерін басып өтіпті. Маңайындағыларға әлденені айтып, бұрылып жүре бергенде басындағы бас киімі жерге түсіп қалған екен. Соны иіліп ала бергенде «Япыр-ау, неге мұны иіліп өзім алдым. Өзім иілмей-ақ қасымдағылар әперер едіғой. Әмірімде иілмеген адам едім, сірә, мына тәмпешікте сондай бір қадірлі, атақты данышпан, ғұлама біреудің жатқаны ғой», – деп ойлайды да, әскерін тоқтатып, сол жерге түнейді.

Түнеп жатып түс көреді. Түсіне ғұлама кіріп: «Мен Қожа Ахмет Яссави боламын, ғылымға қызмет еттім», – дейді. «Бірақ ескерусіз жатырмын. Егер сен маған белгі орнатпасаң, осы жолы жауыңдан жеңіліп қайтасың», – дейді.



Таңертең Әмір Темір уәдесін береді. Қайтып келіп, мазар орнатпақшы болады. Сөйтіп, жауын жеңіп келіп, қазіргі Қожа Ахмет Яссави кесенесін салған екен.



1. Әмір Темір қайсы әрекетіне таң қалды?
2. Әмір Темір түсінде не көрді?
3. Қожа Ахмет Яссави кім болған?
4. Уәдеге берік болу дегенде нені түсінесің?



**1-тапсырма.** Диалог сұрақтары мен жауаптарын толықтыр.

– Түркістан қандай қала?

– \_\_\_\_\_?

– Түркістанда Қожа Ахмет Яссави кесенесі бар.

– Қожа Ахмет Яссави кесенесін кім құрдырған?

– \_\_\_\_\_?

– Тайқазан туралы не білесің?



**2-тапсырма.** Мәтінді көшіріп жаз.

Түркістан – қасиетті қала. Ондағы тайқазан – көне ескерткіш. Ол жеті түрлі металдан жасалған. Салмағы – екі тонна.



## 162-сабақ. Тарихи қалалар

Елімізде тарихи қалалар көп. Ташкент, Бұхара, Хиуа, Самарқант, Шахрисабз және Марғұлан сияқты қалалар әлемге әйгілі. Сондықтан бұл қалаларды тамашалауға көптеген саяхатшылар келеді.

Ұлы Жібек жолындағы ең көне қала – Бұхара. Бұл музей – қала ежелден өзінің ғалымдары, зергерлері, өнерпаздарымен әлемге әйгілі болған. Хиуаның әйгілі Ишан бекінісі ерекше музей болып, ол жерде жүзден астам мешіт пен медреселер бар. Темурийлер дәуірінде Самарқантта да өте көп сәулетті ғимараттар құрылған.



**1-тапсырма.** Суретке қарап, бұл көне ескерткіштер қай қалада орналасқанын айт.



**2-тапсырма.** Өлеңді көшіріп жаз. Қарамен берілген сөздердің мағыналасын тауып жаз.

### Самарқант

Дүние бас иетін  
Гүл, лалалар Отаны.  
Тәбесі **кекке** тиетін  
Мұнаралар Отаны.

Бибіханым сияқты  
Ұлы аналар Отаны.  
Ұлықбектей шуақты  
**Ғұламалар** Отаны.  
*Мекембай Омарұлы*

**Үлгі:** Дүние – әлем, ...

### 163-сабак. Жазудың пайда болуы



Ежелде ешқандай әріп болмаған кезде жазу бірден пайда болған жоқ. Адамдар өз пікірін бір-біріне жазбаша жеткізуді, жазуды үйренгенше арадан мындалап жылдар өткен. Алғашқыда адамдар айтқысы келген ойын тасқа сурет салу арқылы білдірген. Мұндай кескіндер тастарда және үңгірлер қабырғасында сақталған. Олар «суретті жазу» деп аталады.

Жазу – адамзаттың ұлы туындысы болды. Адамдар түрлі жерлерде түрліше өмір сүргендіктен жазулар да әртүрлі болған. Үнділер кипу жазуынан пайдаланған.

Ағашқа түрлі реңдегі арқандарды түйген. Шығанақтардың реңі, саны және жайғасуы хат мазмұнын айқындаған. Иероглифтер бүйім және жануарлардың қаралпайым суреттерінен құралған. Иероглифтер бір сөз, тіпті бір сөйлемді білдірген.



1. Алғашқыда адамдар ойын қалай білдірген?
2. Алғашқы жазулар қай жерде сақталған?
3. Иероглифтер қандай жазу?



**1-тапсырма.** Алғашқы адамдар суреттердің көмегімен не айтқысы келгенін оқып көр.



**2-тапсырма.** Берілген суретті жазулар қандай мағынаны білдіреді?



## 164-сабак. Әліпби



Жазуды адамдар ертеде ойлап тапты. Әр тілдің жазуы әртүрлі. Әр тілдің өзінің әріптері, әліпбі бар.

Қазақ халқының негізгі әліпбі араб жазуына негізделіп жасалды. Одан кейін латын әліпбі қолданылды. Қазіргі әліпби орыс жазуы негізінде жасалған. Орыс графикасындағы отыз екі әріпке қазақша дыбыстарды таңбалайтын тоғыз әріп қосылған. Міне, сөйтіп қазақ әліпбіндегі қырық екі әріп болған.



### 1-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тап.

«Аңы» дейсің қазақта, Дыбысы жоқ өзінше,  
Келу үшін осы әріп. Тынысы жоқ өзінше,  
Құрық жалғап азапқа, Қатаңдатып жіберер,  
Түсті «ш»-ға дос әріп. Өзге әріпті көзіңше.

(...)

(...)



### 2-тапсырма. Көп нұктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

..... – адамға тән құбылыс. Жан-жануарлар .....  
алмайды. Олар тек .....шығарады.

**Қажетті сөздер:** дыбыс, сөйлеу, сөйлей



## 165-сабак. Кім қалай жазады?



Азиядағы кейбір елдерде ежелгі адамдар хат жазуда арнайы белгілерден пайдаланған. Мұндан жазу шегехаттар деп аталған. Ең алғаш Қытай мен Мысырда бұдан бірнеше мың жылдар бұрын иероглифтерді ойлап тапқан. Ежелгі Мысырда жеті жүзден артық белгі болса, Қытайда бес мың белгі болған. Қытайда қазір де хат жазуда иероглифтерден пайдаланады. Ежелгі қабілетті финикилер жазуда шегехат белгілеріне бірнеше иероглифтерді қосып, ешкімде болмаған арнайы жазуды ойлап тапқан. Мысырлықтар бұл жазуды финикилерден үйренген. Мысыр әріптері біздің қазіргі қолданып жүрген әріптерімізге ұқсас болған.



**1-тапсырма.** Мына пікірлерді оқып, өз ойыңмен толықтырып, дәлелдеп көр.

- Сөйлеудің екі түрі бар: ауызекі және жазбаша.
- Ауызекі сөйлеу – біз еститін және айтатын сөздеріміз.
- Жазбаша сөйлеу – жазылып берілетін хабар.





**2-тапсырма.** Жұмбақтарды көшіріп жаз және шешуін тап. Жұмбақтың шешуі қайсы сөйлеу түріне жататынын анықта?

Сөзі дана, үні жоқ,  
Сөйлемейді – тілі жоқ. (...)

Қолыңа алсаң – шешен,  
Ақылы асқан көсем. (...)



## 166-сабак. Мен не үйрендім?

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер?

1. Туризм дегеніміз не?
2. «Самарқант» өлеңіндегі ата-бабалырымыз жайлы не білесің?
3. «Бұл ғимараттар Ұлықбек, Тіллақары, Шердар медреселері деп аталады». Үздінді қай мәтіннен алынғанын есіңе түсір.
4. Сайыпқыран Әмір Темір салдырған кесене жайлы мәлімет бер.
5. Жазудың пайда болуы себептерін айт.
6. «Суретті жазулар» қай жерде сақталған?
7. Бүгінгі күнде жазудың неше түрі бар?



**2-тапсырма.** Суреттегі заттар арқылы сөйлеудің қай түрі жүзеге асады? Атауларды қатыстырып сөйлем құрастырып жаз.



## 167-сабақ. Қылқаламның ғажайыптары



Бейнелеу өнерінің табиғатты бейнелеген түрі пейзаж деп аталады. Пейзаж бейнелеу өнерінің әрбір түрінде кездеседі. Пейзаж маған өте ұнайды.

Егер суретте адам бейнеленсе, ол жанр портрет деп аталады. Суретте қозғалмайтын заттар да бейнеленуі мүмкін. Бейнелеу өнерінің бұл түрі натюрморт деп аталады. Суретте жануарлар дүниесі бейнеленсе онда оны бейнелеу өнерінің анималистік жанры деп атایмыз.

*«Бейнелеу өнері» кітабынан*



1. Бейнелеу өнерінің қандай жанрлары бар?
2. Саған қай жанрда сурет салу ұнайды?
3. Бейнелеу өнері сабағында үйренген білімдерінді әңгімелеп бер.



**1-тапсырма.** Баланың салған суреттері бейнелеу өнерінің қай түріне жататынын түсіндіріп, дәләлде. Өзіңнің осы жанрларда салған суреттерің жайлы айт.



**2-тапсырма.** Өлеңдегі қарамен берілген сөздің екі мағына білдіріп тұрғанын түсіндір.

Мен таба алмай **бұрышты**,  
Қарадым бар қуысты.  
Таусылған соң шыдамым,  
Інімнен кеп сұрадым.  
Мен іздесем **бұрышты**,  
Көрсетті-ау **бұрышты**.

1. Бұрыш – тамаққа қосатын дәмдеуіш;
2. Бұрыш – ...



## 168-сабақ. Сурет сабағы

Шіркін, сурет сабағы  
Ауылды еске салады.  
Мың құбылтып бояймын  
Түп – өскен даланы.

Қызыл бояу – қызғалдақ,  
Сары бояу сарғалдақ.  
Жасыл бояу жайлауым,  
Іздел барам арманда.

Оспанхан Әубекіров



1. Өлеңде қандай түстер қатысқан?
2. Өз ауылдыңды суреттеп бер?

Тілімізде дыбысталуы бірдей, мағынасы әр түрлі сөздер де болады. Олардың мағынасының бір-біріне қатысы жоқ: ат – адамға қойылған есім, ат – жан-уар; тұс – рең, тұс – әрекет, үйқыда көретін тұс.



**1-тапсырма.** Бейнелеу өнеріне тиісті сөздердің мағынасын түсіндіріп көр.



**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, көшіріп жаз.

## Әдемі сурет

Айжан күннің суретін салды. Күн қабағын ашып, күліп тұр. Анасы оны көріп қуанды.

– Сен салған күннің шуағы менің жанымды жылтытты, – деді.

## 169-сабак. Суретші

Біздің Ержан суретші,  
Көп салады суретті.  
Кіп-кішкентай тайларды  
Айнытпастан жасайды.

Қозы мен қойларды,  
Ағаштан да қашайды.  
Көк аспанға салады,  
Көгершіннің суретін.




Хасенхан Талғаров



1. Өлеңде қандай өнер түрлері бар?
2. Көгершін қандай құс?



**1-тапсырма.** Ержан жазғы табиғатты суретке түсірді. Ол мектепке екі түрлі сурет әкелді. Оның суреттерінің айырмашылығы неде?



**2-тапсырма.** Сурет бойынша мәтін құрастырып жаз. Мәтінге ат қой.



## 170-сабақ. Көңілсіз сурет

 Меруерт табиғат көрінісін салмақшы болып, қара қарындашын алды. Салған суреттері бір түрлі көңілсіз, солғын болып шықты.

Бір кезде қолына түрлі түсті қарындаштарды алды. Аспанды қара бұлт торлады. Шатыр-шұттыр сары наизағай ойнады. Аспаннан көк тамшылар төгіп берді. Жерде ақ түсті шалшық сулар пайда болды.



1. Мәтін неше бөліктен тұрады? Мәтіннің қайсы бөлігі берілмеген?
2. Мәтіннің соңғы бөлігін өзің жалғастырып, айтывп көр.



**1-тапсырма.** Мәтін тақырыбына сай келмейтін бөлікті алып тастанап, мәтінді қайта құрастыр.

Ермектің осындай достары бар. Ол достарын жақсы көреді.

Бұғін оған Алмас пен Нұрлан келді. Хал-жағдайын сұрап, Ермекке суретті кітапшаларын ұсынды.

Меруерт сабақ үстінде ұялы телефонын шұқылаумен болды. Оның бұл қылышы сынып мұғаліміне ұнамады.

Балалардың бәрі сабақта. Ал Ермек болса ауырып, үйде қалды.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып көшіріп жаз.

Мынау – қызыл қарындаш,  
Мұнымен ... бояймын.  
Мынау – көк қарындаш,  
Мұнымен ... бояймын.



## 171-сабақ. Суретші Марат

Алуан бояу ірікте алды,  
Асықпай Марат суретті салды.  
Үстелге жайып қағазды аппақ,  
Сарымен сұлу жасады бақбак.

Қызылдан кірпіш қағазға толды,  
Зәулім үй келіп аулаға қонды.  
Шатырын әсем бояды көкпен,  
Жасылмен дуал жасады еппен.

Өз орнын тапты әртүрлі бояу,  
Бәрінен шебер Мараттың ойы-ау!

*Тұрсынхан Әбдірахманова*



1. Марат бояумен не істеді?
2. Өлеңде қандай түстер қатысқан?
3. Марат қандай сурет салды деп ойлайсындар?



**1-тапсырма.** Өлеңді оқып, қарамен берілген сөздер қандай мағыналарды білдіретінін айт.

Атам мені қуантты –  
Маған берді **құлақты**:  
–Жақсы сөзді құлағың  
Тыңдастын, – деп, – **шырағым!**  
Маған берді **тіл** ұшын,  
«Шешен бол!» деуі – мұнысы.

Мұбарат Жаманбалинов



**2-тапсырма.** Мақалды оқып, жатқа жаз. Қаралы мен берілген сөз тағы қандай мағыналарды білдіретінін мысалдармен дәлелде.

Талабы жоқ **жас ұлың**  
Жалыны жоқ шоқпен тең.

## 172-сабақ. Кемпірқосақ



Ақтөлек кемпірқосақтың суретін салғысы келді. Ол дереу ақ қағаз бен бояу қарындаштарын алғып, сурет салуға кірісті.

Кенет:

– Осындай кемпірқосақ бола ма екен? – деген біреудің дауысы естілді.

Ақтөлек бұрылыштың қарап еді, ешкім көзіне көрінбеді. Ал қабырғаға Құн сәулесіп түсіп түр екен.

– Амансың ба балақай? Бұл – менмін, Құн сәулесімін, сенімен сәйлесіп түрған. Сен кемпірқосақты дұрыс бояған жоқсың.

- Қалай бояу керек екенін сен қайдан білесің?
- Себебі, кемпірқосақты жасайтын менмін.
- Сонда қалай? Сен – ақсың, ол болса түрлі түсті ғой.
- Мен әншайін сырт көзге ғана ақ болып көрінемін.

Ал шын мәнінде, менің бойыма бірнеше түс тоғысқан: қызыл, қызғылтсары, сары, жасыл, көк, көгілдір және күлгін.

«Негеш» кітабынан



- 1.Әңгіме не туралы?
- 2.Ақтөлпекке қандай дауыс естілді?
- 3.Күн сәулесінің кереметі неде?



**1-тапсырма.** Мақалды оқы, қарамен берілген сөзге сұрақ қойып, мазмұнын түсіндір.

Өнерлінің қолы **алтын**,  
Өлеңшінің сөзі **алтын**.



**2-тапсырма.** Өлеңді көшіріп жаз, әртүрлі мағынада қолданылған сөзді тауып, сұрақ қой.

Күшіктің суретін  
Қағазға сыз, – дейді.  
Ал күшік ыстықта,  
Сыз жерді іздейді.

Әкім Мейірбеков



## 173-сабак. Науай және суретші



Әлішер Науай өзінің киімін ауыстырып, бір жарлы жас суретшінің лашығына келіп, есік қағады. Рұқсат сұрап ішке енгенде, үй ішінде патша Құсайын Байқараның суреттеріне қарағанда өзінің суреттері көп еkenін көреді. Таң қалып, суретшіден сұрайды:

– Бұл кімнің суреттері?

Суретші әдеппен жауап қайырады:

– Қолөнершілердің атасы Әлішер Науай өзіреттікі, мен қазір ол кісінің қасында тұрмын.

– Неге осы уақытқа дейін менің қасыма бармадың? – деді Науай.

– Егер барғанымда маған түрлі сыйлықтар тартар едіңіз. Онда мен өз туындыларымды тек сізге сатқан болар едім. Оның үстіне, сіздің суреттеріңізді алушы көп. Мен сіздің жомарттығыңызды пайдаланбай өз өнеріммен күн көруді жөн көрдім, – деп тіл қатты.

Бұл сөздерден соң Әлішер Науан кедей суретшіні өз қамқорлығына алады. Бұл жігіт кейінірек Шығыстың ұлы суретшісіне айналды. Бұл біздің ұлы бабамыз – Камалиддин Бехзат еді.



1. Науан кімнің үйіне барады?
2. Ол жерде нелерге көзі түседі?
3. Жомарттық дегеніміз не?



**1-тапсырма.** Суретті диктант. Айт және жаз.

**Ұлғі:** биік ағаш– аласа ағаш



**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап. Оның тағы қандай мағынаны білдіретінін мысалмен дәлелдейп жаз.

Мөлдір моншақ,  
Өзі жұмсақ. (...)

## 174-сабак. Дарынды суретші



Өзбекстан халық суретшісі Орал Таңсықбаев көрініс жанры шебері ретінде әлемге танылған. Ол қылқаламмен көп сурет салған. Орал Таңсықбаевтың әйгілі шығармалары: «Менің әнім», «Өзбекстанда наурыз», «Таудағы көктем», «Тауда», «Ангрен алқабы», «Биік тау жайлауы», «Жайлау» және басқалар. Есімі әлемге әйгілі Орал ағадан: – Ең жақын адамдарыңыз кім? – деп сұрапты.



– Ата-анам, мұғалімдерім, туысқандарым, – депті атақты суретші.


– Дүниеде не қымбат? – деп адамдар тағы да сұрақ беріпті. Сонда Орал ата:

– Достық, перзент, ата-ана, білім, денсаулық қымбат деп жауап беріпті.

- 1. Әңгіме кім туралы?
- 2. Орал аға сұрақтарға қалай жауап береді?
- 3. Орал ағаға берілген сұрақтарға сен қалай жауап берер едің?



**1-тапсырма.** Суреттерге зер сал. Олардың айырмашылықтарын айт.



**2-тапсырма.** Жалғастыр.

Орал Таңсықбаевтың әйгілі шығармалары: ... .

## 175-сабак. Әні қанаты болған



«Асыл пышақ қында жатпас» дегендей, күмістей сыңғырлаған, бұлақ суындаған мөлдір әнімен Манарабек Алматы халқының назарын бірден аударды.

Манарабек білім мен өнерін шындау үшін оқуға түсті. Оқи жүріп, театр сахнасына да жиі-жиі шығып тұрды. Бұл арада ол үлкен ұстаз, атақты әнші Әмірмен дидарласты. Оның ән салу мәнерімен танысты. Әншімен бірге ел аралады.

Кең дала. Жолаушылар пойызы темір жолмен зулап келеді. Бұл – Манаrbектің пойызбен бірінші рет сапарға шығуы.

Манаrbек осы сапарда домбырасын қолынан тастамады. Сөйтіп, ол бірнеше күн асқақ даусымен ән шырқап, домбырасын да өзіне тән екпінмен сөйледті.

«Жыл он екі ай» басылымынан



1. Манаrbектің жетістігі неде?
2. Дереккөзден пайдаланып Манаrbектің ұстазы жайлы ақпарат іздеп көр.

Тілімізде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер бар: ақ-қара, үлкен-кіші, ерте-кеш.



**1-тапсырма.** Суреттегі заттарды мына сөздерді пайдаланып салыстыр: үлкен-кіші, биік-аласа, қымбат-арзан.



**2-тапсырма.** Мақалдарды жатқа айт және көшіріп жаз. Қарама-қарсы мағыналы сөздердің астын сыз.

Аз да бітер, көп те бітер,  
Татулыққа не жетер?

Дос жылатып айтады,  
Дүшпан құлдіріп айтады.



## 176-сабак. Анашым

Айналайын анашым –  
Әлемдегі жан асыл.  
Болса маған не керек,  
Бәрін іздеп табасың.

Айналайын анашым,  
Асқар таудай панаңың.  
Күн көзіндей құлімдеп,  
Құшағыңа аласың.  
Әбдірахман Асылбек



### 1-тапсырма. Тестілеу.

Ата-анаң жұмысқа кетерде саған үй шаруала-рынан бір-екі жұмыс орындауды тапсырды. Сенің әре-кетің қандай?

- A. Ата-анамның айтқанын екі етпей орындаймын.
- Ә. Олар келгенше орындаасам болды деп, доста-рыммен ойнаймын.
- Б. Ұмытып қалыптын деп сылтау таба саламын.



**2-тапсырма.** Өлеңді оқып, көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді тап.

Құлақтан кіріп бойды алар,  
**Жақсы** ән мен **тәтті** күй.  
Көнілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсөң, менше сүй.

Абай Құнанбаев

## 177-сабак. Тұңғыш ән



Көл жағасында жалғыз бала отыр. Ойшыл үлкен көзі ерекше бір қуанышқа толы.

– Таптым-ау, сені, ақыры таптым...

Баланың айналасы – ұзынды-қысқалы қамыс кесін-ділері. Ол жонып алған қамысын аузына қайта-қайта апарып, үрлеп өзі жасаған «жанға аспабының» үнін байқайды. Таза да әсем үнге бала әбден разы болды. Енді бір сәтте көл беті әлдеқандай нәзік те әдемі үнге бөленді. Су бетіне тыныштық орнады, айнала жым-жырт. Тек сазды әуен алғашқыдан асқақ шығып, шарықтай берді. Сыбызығының иесі де аспабын еркін үстап, төселе тартып, шабытына енген тәрізді...

– Апа! Марқакөл маған сый берді. Іздегенімді таптым, апа, – деп қолындағысын анасына ұсынды.

Әнге құмарын бұрыннан білетін, бала жаңын терең түсінетін Тәжібала:

– Қасиетінен айналайын, Марқакөл, Мұқанымса сыйбызы ұстатып, ән сыйлаған сенің атың мәңгі менің жадымда қалар, – деп, көл бетіне көзін тастады.



1. Мұқан неге қуанды?
2. Ол қамыстан қандай музикалық аспап жасады?



**1-тапсырма.** Суреттегі аспаптарды ата.



**2-тапсырма.** Әңгіменің үшінші және төртінші бөлігін көшіріп жаз.

## 178-сабақ. Үрмелі аспаптар



Үрлеп тартылатын аспаптар ерте заманда пайда болған. Олар хайуанаттар мен құстардың сүйектерінен, мүйіздерінен, ағаштан, сазбалышықтан, темірден жасалған.

Қазақ халқында үрмелі музыка аспаптары көп. Олар, сазсырнай, үскірік, керней, қамыс сырнай, мүйіз сырнай.



1. Үрмелі аспаптар неден жасалған?
2. Бүгінгі күнде үрмелі аспаптардан пайдаланылады ма?

### 1-тапсырма. Ойлан, тап.




1



2




3



4



5



6



**2-тапсырма.** Мәтінді көшіріп жаз. Үрмелі аспаптың басқа түрлері жайлы дереккөзден ақпарат жина.

Сазсырнай – үрмелі аспаптар тобына жатады. Саздан жасалып, отқа күйдіріледі. Бұл аспаптың көлемі де, түрі де, әр түрлі болып келеді. Аспаптың іші қуыс, қарама-қарсы жақтан тесілген бірнеше кішкене ойығы бар.

### 179-сабақ. Біз көнілді ұлан



Біз көнілді ұланбыз,  
Ән шырқаймыз, сайрандап.  
Бақытты елде туғанбыз,  
Жаз гүліндей жайрандап.

Бебектерді қуантып,  
Құрметтейміз қарттарды.  
Өнерге біз құмартып,  
Өсіреміз бақтарды.

Шынығамыз, ойнаймыз,  
Жас үрпақпыш талапты.  
Жаз қызығын тойлаймыз,  
Жақсы оқимыз сабакты.

Косжан Мұсірепов



1. Өлеңдегі негізгі ойды анықта?
2. Өлеңде қай мезгіл суреттелген?



### 1-тапсырма. Сәйкестендір.



хор



әнші



трио



квартет




дуэт



**2-тапсырма.** Мақалдарды толықтырып жаз. Қарсы мағыналы сөздерге сұрақ қой.

- ... сөз сүйіндіреді, ... сөз күйіндіреді.
- ... білмеген, ... де білмейді.

**Қажетті сөздер:**



### 180-сабак. Сәбилерден сұрандар!

Ағы, сары, қарасы –  
Жүрген қала, даланда –  
Әлемнің бар баласы  
Жиналса бір алаңға.

Алға шығып төреші:  
– Бояу, қалам ал, – десе,  
Нені жақсы көресің,  
Суреттерін сал, – десе!



Ойланбай-ақ сәбилер,  
Салар еді құлшынып.  
Ең алдымен, әрине,  
Тұрар еді күн шығып.

Толар еді ән-күйге,  
Аққу-қаздар көлге кеп...  
Биік-биік сәнді үйлер  
Бұлтқа қарай өрмелеп.

Аңсайды оны бар ел де,  
Біледі оны ұландар.  
Не керегін әлемге  
Сәбилерден сұрандар!



**1-тапсырма.** Диалогты жалғастыр. Айжанға көмектесіңдер.



Өлеңдегі негізгі ойды білесің бе?



Сен ненің суретін салған болар едің?



**2-тапсырма.** Өлеңді көшіріп жаз.

- Аспанда күн ыстық. Тұған қызы, ұл ыстық.
- Ал жерде кім ыстық? Бәрінен «тыныштық»
- Әке мен шешеміз. Деген сөз тым ыстық.

## 181-сабак. Тұысқан ел

Енді бүгін қарасам,  
Айналам бақыт кең жатыр.  
Бір-бірімен туысқан  
Қол ұстасқан ел жатыр.  
Қырғыз, қазақ, өзбектер,  
Монгол, үйғыр, дүнгендер,

Армиян, тәжік, грузин,  
Орыс пенен украин  
Терезесі тең жатыр.  
Бақыттың әні асқақтап,  
Құлаққа даусы кеп жатыр.

Жамбыл Жабаев



1. Өлең неліктен «Тұысқан ел» деп аталған?
2. Тұысқан деген сөзді қалай түсінесің?
3. Елдерді туысқан деудің себебі неде?



**1-тапсырма.** Сурет бойынша әр үлт туралы білетінінді айт.



**2-тапсырма.** Көркем жаз. Қарамен берілген сөздерге мағыналас сөздер жаз.

Халқымыз достыққа үлкен көніл бөлген. Елімізде халықтар арасындағы **достық** пен **ынтымақтастық** нығайған.



## 182-сабақ. Сағындым, әже, сағындым!

Сағындым, әже, өзінді,  
Мейірімді көзінді.  
Ертегінді сағындым,  
Құлыным деген сөзінді.

Сағындым әже сағындым,  
Мейіріңе табындым.  
Демалысқа шығамыз,  
Аяғында мамырдың.

Сағындым әже сағындым,  
Ағайын, туған бауырды.  
Қуат алып келейін,  
Топырағынан ауылдың.



1. Өлеңнен әжесін сағынған шумақты тап?
2. Сенің әжең қандай?



**1-тапсырма.** Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

Қыз бала ыдыс жуды.  
Сен үйде не істейсің?  
Сен үлкендерге қалай  
көмектесесің?

Әжей кілем тазартты.  
Сенің әжең не істейді?  
Сен әжеңе қалай  
көмектесесің?



## 2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз.




Ата мен әже – бұлар сенің анаң мен әкеңнің ата-анасы. Олар үйдің үлкендері мен даналары. Оларды сыйлап, оларға қамқор болу қажет. Ата мен әже қартаяды, жиі ауырады, сондықтан оларға көмектесу керек. Оларды мектептегі жақсы оқумен, үлгілі тәртіп-пен қуанту керек.

## 183-сабақ. Мен не үйрендім?




### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттерге қара бейнелеу өнерінің қай түрі берілген?



2. Ашық, бас, жаз сөздерін әртүрлі мағынада қолданылатынын мысалдармен дәлелде.



3. Қарама-қарсы мағыналы сөздерге мысал келтір.
4. «Науай мен суретші» әңгімесінің мазмұнын еске түсір. Әңгімеде қайсы ұлы суретші туралы сөз болады?
5. Бұл сурет қайсы әңгіменің мазмұнымен байланысты? Еске түсір.



6. Сөйлемді оқы: «— Апа! Марқакөл маған сый берді. Іздегенімді таптым, апа, — деп қолындағысын анасына ұсынды». Үзінді қай мәтіннен алынған?
7. Қазақтың үрмелі аспаптарын ата. Олар туралы не білетінінді айт.



**2-тапсырма.** Суретшінің қатесін тап.



## XI тарау. ҚҰҚЫҚЫМЫЗ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ

### 184-сабақ. Ең алғашқы автомобиль



Ең алғашқы автомобиль немесе өздігімен жүретін арбаны қарапайым шаруа адамы Леонтий Шамшуренков 1752 жылы ойлап тапқан. Оны арнаулы педальді басу арқылы жүргізуге болады.

1764 жылы бу двигателі ойлап табылғаннан кейін автомобиль конструкциясы да күрделенеберді. Техника дамыған сайын адам өміріне қауіп те көбейді. Осыған сәйкес жолда жүру ережелері енгізілді.

Бұл жол белгілерінің белгілі түрі – бағдаршам.

Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет.



1. Ең алғашқы автомобильдің қазіргі күндегі автокөліктерден ерекшелігі неде?
2. Автокөліктердің күрделене түсуі адам өміріне қандай қауіптер тудыруды?
3. Бағдаршамнан тыс қандай жол ережелерін білесің?

**Мәтін** дегеніміз – жазбаша немесе ауызша ойды жеткізу. Мәтін бірнеше сөйлемдерден құралады. Мәтін сөйлемдері бір-бірімен мағына жағынан байланысып тұрады.



**1-тапсырма.** Қазіргі автокөлік түрлері туралы сұхбаттасыңдар.

Достар, әлемдегі ең күшті көлік қайсы? Меніңше, «Мазерати».

Ой, ең күштісі «Геленваген» ғой. Оның басқару жүйелері де заманауи.

Меніңше, ең күшті көлік «Бугатти». Өйткені ол дүниедегі ең жылдам көлік.



**2-тапсырма.** Жеңіл көлік түрлеріне сипаттама беріп, кестені толтыр.



№	Көлік түрлері	Сипаттама
2		
3		
4		
5		



## 185-сабақ. Бағдаршам

Ашса кезек үш көзін,  
Айтты деп үқ үш сөзін:  
«Тоқта!  
Сақтан!  
Жол ашық!»  
Жүрме жолға таласып.  
Қызыл көзін ашқанда,  
Сынық сүйем баспа алға!



Сары көзін ашқанда,  
Қарап қалма аспанға!  
Жасыл көзін ашқанда,  
Өте бергін, жасқанба!

- 
1. Бағдаршам деген не?
  2. Оның қандай пайдасы бар?
  3. Бағдаршамда сигналдар (белгілер) қалай орналасқан?



### 1-тапсырма. Диалогты толықтыр.

- ..., қандай жол белгілерін білесің?
- Мен ... білемін.
- Жолда жүру ережесін сақтайсың ба?
- Ия, мен жолда өте абай боламын.  
Бағдаршамның түстері нені білдіреді?
- ...



### 2-тапсырма. Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

- Бір көзім: «Тоқта», – дейді.  
Бір көзім: «Абайла», – дейді,  
Бір көзім: «Жүр», – дейді.  
«– Қарап ал, маңайға» – дейді. (...)

## 186-сабак. Мұны білген жөн болар



«Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ ұғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыштар. Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған деп екіге бөлінеді.

Жолда жаяу жүргінші мен жүргізу什і болады. Автобустар, автокөліктер көліктің негізгі жол алыбымен жүреді, ал жаяу жүргінші тротуармен немесе көше бойының он жақ шетімен жүру керек.



Тротуар сөзі француз тілінен аударғанда «жаяу жүргіншіге арналған жол» дегенді білдіреді. Тротуар үстінде қандай да болмасын ойын ойнауға немесе жүгіруге болмайды. Бұл жаяу жүргіншіге бөгет жасаумен қатар, аса қауіпті болып табылады.

Бордюр – жол жиегі мен тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал. Оны бордюр деп атайды. Бордюр француз тілінде «бір нәрсені жиектеуге арналған жолақ» деген сөз.



### 1-тапсырма. Жұмбақтың шешімін тап.

Күндіз – тұні көше кезіп зулайды.  
Жолаушыға қызмет етіп тынбайды. (...)

Көліктің қаншасын жаңынан өткізген.  
Іргеден басталып, алысқа жеткізген (...)



### 2-тапсырма. «Мұны білген жөн болар» мәтінін дегі екінші абзацты көшіріп жаз.

## 187-сабак. Қауіпсіз жол бағдары



Көшеде жол жүру ережелерін қатаң сақта.  
Жолдан тек жасыл тұс жанғанда өт.

Жолдан жаяу жүргінші өтетін жол немесе жер асты жолымен өт.

Автобуста, бағдарлы таксилерде тұтқадан ұстап тұр.

Автокөлікке отырарда міндетті түрде белбеуді тақ. Балалар алдыңғы орындықтарда отырмайтынын біліп жүр.

Жаяу жүргінші өтетін жол жоқ болса, көлік қозғалысына қарама-қарсы жол шетімен жүр.

Ролик, скейтборд және велосипед теберде абай бол. Жолдың көлік жүретін бөлігіне шықпа.



**1-тапсырма.** Суретте берілген көліктердің атын ата. Олардың қызметі жайлы айт.



**2-тапсырма.** Сурет бойынша диалогты жалғастырып жаз.



– Арай, мектепке қалай келесің?



– Менің үйім мектепке жақын, сондықтан жаяу келемін.  
Ал, сен ше?



– Мен мектепке мына суретте көрсетілген жолдармен жүріп келемін.



## 188-сабақ. Тәртіп сақшысы

-  – Саламатсыз ба, ағай? Маған айтыңызшы жүргіншілер деген кімдер?
-  – Жүргіншілер деген көшеде жаяу жүрген адамдар.
-  – Тротуар деген не?
-  – Тротуар – жаяу адамдарға арналған жол.
-  – Автобусқа қай есіктен мініп, қай есіктен түседі?
-  – Автобусқа мінгендеге алдан мініп, арттан түседі.
-  – Қала көшелерінде велосипедпен жүруге неше жастан бастап рұқсат етіледі?
-  – Қала көшелерінде велосипедпен жүруге 14 жастан рұқсат етіледі.

Менің кішкентай достарым, сендер мына сұрақтарға жауап беріңдерші!

1. Көлік (автобус) тоқтаған кезде көліктің қай жағынан өту керек?

2. Жаяу жүргіншілерге арналған жол қалай аталауды?

3. Көшедегі кездейсоқ қауіп-қатерден аман болу үшін нені білуіміз қажет?



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Балалардың әрекетіне өз пікірінді айт.



Мәтін атауы **тақырып** деп аталады. Тақырып мәтін не туралы айтылғанын көрсетеді.

Мәтін бірнеше бөлімдерден құралады. Әрбір бөлім **абзац** деп аталады және жаңа жолдан бастап жазылады.



**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге ат қой және бірінші абзацты көшіріп жаз.

Балалар ойын алаңында ойнап жүр. Кенет Қанаттың добы көліктер жүретін жолға қарай домалап кетті. Қанат не істерін білмей тұрғанда, Сәлім ойын алаңынан шығып допқа қарай жүгірді. Көп ұзамай көліктердің сигналдары қатты естілді.

Бұл жағдайдан алаңдағы балалардың көңіліне қорқыныш ұялады. Сәлімнің допты алып келгеніне балалар қатты қуанды. Балалар көліктерге қарап допты теумейміз деп шешім қабылдады.

## 189-сабак. Ойын



Арал мен Орал доп ойнады. Олар ойынның қызығына түсіп, жолға шығып кеткендерін байқамай қалды.

Көлік жүргізушілердің бірі:

– Жолда ойнамаңдар!  
Жолда ойнау – адам өмірі үшін қауіпті – деді.

Олар қателерін түсініп, көлік жүргізушілерден кешірім сұрады.



1. Балалардың мұндай іс-әрекеттері дұрыс па?
2. Балалар кешірім сұрау үшін қандай сөздер қолданды деп ойлайсыңдар?



**1-тапсырма.** Суреттегі балалардың әрекеті туралы не айта аласың?

Олардың қайсылары жол ережесін бұзды?



Мәтіннің басталуы, негізгі бөлімі және соны болады.



**2-тапсырма.** Жұмбақтарды көшіріп жаз. Шешуін тап.

Ала таяқ ұстаған

Жол тәртібін нұсқаған. (...)

Көше бойлап аяңдайды,

Адам тасып аялдайды. (...)

## 190-сабак. Автобуста



Автобус тоқтайтын аялдамаға келдік. Көп үзамай автобус тоқтай қалды. Екі есігі бірден ашылды. Адамдар да көп. Бірі мінсе, бірі түсіп жатты. Алдыңғы есіктен апам екеуіміз ішке кірдік.

– Мұнда отырыңыз, – деп менен үлкендеу екі бала анама орын ұсынды.

– Рақмет, балалар, – деді анам отырып жатып.

– Апа, рақметті не үшін айттыңыз?

– Кішіпейілдігі үшін. Сен де солардай бол! Үлкенді сыйла. Сонда үлкендер саған рақмет айтатын болады.

Сәлден кейін базарға жеттік.

Әбди Шынбатыров



1. Автобус тоқтайтын жер қалай аталады?
2. Мәтіннен ана мен баланың қателігін тап.
3. Балалар не үшін рақмет алды?



**1-тапсырма.** Суретке зер сал. Қоғамдық көлікте өзін тұту ережесін айт.



**2-тапсырма.** Мәтіннен ананың баласына айтқан ақыллын тауып, дәптерге жаз.



## 191-сабак. Оң тәрбие

Жолда автобус лезде  
Лық толып кетті кісіге.  
Қарт адам мінді бір кезде,  
Жол-жөнекей ішіне.  
Отырар бос орын жоқ,  
Жұртпен қоса қысыла,  
Түрегелер еш ой жоқ  
Қарт келді бір қыз тұсына.  
«Жанымда тұр деп қарт адам»,  
Қымсынбайды қыз отырып.  
Тұнде үйқысы қанбаған,  
Адамша қалғып өтірік.  
Емеспін әулие-әмбие,  
Бір затты бірақ түсіндім,  
Қызыға үйі оң тәрбие  
Бермегені үшін қысылдым...



Ескен Елубай



1. Өлеңдегі негізгі ойды анықта.
2. Қыздың іс-әрекеті дұрыс па?



**1-тапсырма.** Жағдаят. Сен сыныптастыңмен бірге автобусқа мініп, алдыңғы орындықта отырдың. Себебі артқы орындықта орын жоқ. Келесі аялдамада бір үлкен кісі мінді. Сен үлкен кісіге орын бересің бе, әлде сыныптастыңның орын беруін күтесің бе?



**2-тапсырма.** Сурет бойынша мәтін құрастыр.



## 192-сабак. Жол тәртібін жолда ұста

Көшеде біз сақ болайық  
Қаймықпасын ата-ана.,,  
Жолда, сен бол лайық,  
Оқушылар атына.  
Жолда жүру әліппесін,  
Білген жөн бес саусақтай,  
Сонда ғана жүре аласың,  
Сен өзінді сау сақтай.



**1-тапсырма.** Суреттерге зер сал. Қай балалардың іс-әрекеті дұрыс?





**2-тапсырма.** Сәйкесін тап және көркем жаз.

Кешеде әркімнің өз жолы бар.

Адамдар  
Машиналар  
Велосипед  
Метро (пойыз)

жол жиегімен  
тротуармен  
рельспен  
жолмен



## 193-сабақ. Тез жүрер пойыз



Бірде теледидар тамашалап отырған Әліжан әкесіне:

– Әке анау үйрек тұмсықты пойызға шығып көрдіңіз бе? – деп сұрақ берді.

Әкесі:

– Ия бұл тез жүрер пойыз 2011 жыл Ташкент-Самарқант бағытымен жүре бастады. Бұл пойыздардан әлемде 14 мемлекет пайдаланады. Пойыздың ұзындығы 157 метр, биіктігі 4 метр. Пойыздың жоғарғы жылдамдығы сағатына 250 километрге дейін жетеді. Пойыздың 8 вагоны болып, 215 жолаушыны өз мекен-жайына жеткізеді.

Алғашқы «Афросиаб» Ташкенттен Самарқантқа дейінгі 344 километрлік арақашықтықты 2 сағат 30 ми-нұтта басып өткен болса, бүгінгі таңда бұл қашықтықты 2 сағат 8 минутта басып өтеді.

Келесі күні Әліжанның әкесі жанұя мүшелерімен бірге Самарқант қаласына саяхатқа аттанды. Пойыз жүре бастады, ғимараттар мен жол бойындағы ағаштарды да, бақылай алмады. Әліжан: «Афросиаб» пойызы әлемдегі ең жүйрік көлік осы болса керек!», – деп ойға шомылды. Лезде Самарқант қаласына жеткенін анғармай да қалды.



Зат немесе құбылышты суреттеп, сипаттайтын мәтін **сипаттау** мәтіні деп аталады.



**1-тапсырма.** Берілген мәтінен сипаттау мәтінін тауып айт және көркем жаз.

Ұзындығы...

Биіктігі...

Жылдамдығы...

Жолаушыларға арналған орны...



**2-тапсырма.** Сурет бойынша әңгіме құрастыр.



### 194-сабак. Борыш

Тыныштықпен атса егер  
Аппақ таңдар,  
Саған сыйлап сол таңды  
Жатқандар бар.  
Ол – жауынгер, ол – Отан  
Бекем жатқан,

Өз борышын сен үшін  
Өтеп жатқан.  
Жақсы оқы, жақсы жүр  
Сол үшін де,  
Бұл Отанға өтеген  
Борышым де.

*Ескен Елубаев*



1. Отан алдындағы борышынды білесің бе?
2. Ата-ана алдындағы борышынды қалай өтейсің?



**1-тапсырма.** Суретке қарап, өзіңнің құқықтарын жайлы айт.



## 2-тапсырма. Нақыл сөздерді көшіріп жаз.

1. Балаларды тәрбиелеу – еңбек әрі борыш.
2. Адамның ең биік жетістігі – адамдық борышты атқару.
3. Келген қонаққа достық көніл, қонақжайлышық пейіл таныту – үй иесінің борышы.

## 195-сабақ. Сыйластық



Арман, Ардақ автобуста келе жатыр еді. Автобуста бір әжей өзін нашар сезінді. Ардақ әжейге жүгіріп барып «Әже, сәл шыдаңыз, мен қазір жедел жәрдемге телефон соғамын», – деді де, жедел жәрдем шақырды.

Жедел жәрдем әжейді ауруханаға алып кетті.

Арман Ардақтан: Әжейді тансисың ба? – деп сұрады.

Ардақ ол әжейді танымайтын еді. . .



1. Мәтінді қалай аяқтар едіңдер?
2. Неліктен Ардақ әжейге көмектесуге тырысты?
3. Арманға қандай қасиеттер қажет деп ойлайсың?



**1-тапсырма.** Төмендегі берілген құндылықтар мен қасиеттердің қайсысын кеменің желкеніне, қайсысын судың түбіне жіберер едіңдер. Себебін түсіндіріңдер.





Сүйіспеншілік, дәрекілік, жана шырлық, қиянат жасамау, еңбеккорлық, сыйластық, әдепсіздік, мейірімділік, жауапкершілік, шыдамсыздық, ұстамдылық, қамқорлық.



**2-тапсырма.** Берілген мәліметтерден пайдаланып мәтінді тап және жаз.

1. Бір топ бала аулада ойнап жүр.
2. Еңбеккор егіншілер егін егіп жатыр. Құстар әдемі сайрайды.
3. Басқа адамдарға құрмет көрсетіп, сыйластық көрсеткен кезде ғана адам ізгі қасиеттерге, жақсылыққа қол жеткізеді. Ол адамдардың достары көп болады.

Өзін және өзгені құрметтейтін адамның сөзі де, ойы мен ісі де ізгі болады.

## 196-сабақ. Ғажайып адам

(Ертегі)



Ертеде бір ғажайып адам болыпты. Ол кедей-кепшіктерге көмектесіп жүріпті. Бір күні ғажайып адам жоқшылықтан жүрген баланы көреді. Ол баладан:

- Балақай, саған не болды? – деп сұрайды. Ешкімнен қайырым көрмеген бала оған:
  - Сіз маған көмектесе аласыз ба? – дейді мұнағайып.
  - Мен үш тілегінді орындаі аламын.
- Қуанып кеткен бала:

– Менің бірінші тілегім – халқымның тұрмыс-тіршілігі жақсарып, бейбітшілік орнаса деймін. Екінші – ата-анамның еккен егіні қаулап шықса деген тілек. Ал үшіншісі сіз сияқты ғажайып адам болсам, шіркін, – дейді.

– Балақай, мен сенің үш тілегінді орындаимын. Бірақ саған қоятын бір сұрағым бар.

– Ол қандай сұрақ?

– Неге мен сияқты ғажайып адам болғың келеді?

– Сіз сияқты адамдарға көмектескім келеді.

Ғажайып адам баланың жауабына риза болып, оның үш тілегін орындаиды. Ал, бала ата-анасына, өзіне жақын жүрген барлық адамдарға жақсылық жасап, ол да «ғажайып адам» атанады.



1. «Ғажайып адамның» ғажайыптығы неде?
2. Неліктен «ғажайып адам» баланың тілектерін орындаады?
3. Сен ғажайып адам болғың келе ме? Неліктен?

Оқиғаны ретімен баяндайтын мәтін әңгімелену мәтіні деп аталады.



**1-тапсырма.** Төмендегі берілген сөздерден нақыл сөз құрастыр, мағынасын түсіндіріп бер.

Адалдық

адамдық


жерде

жүрген

жүреді



**2-тапсырма.** Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз.



## 197-сабақ. Кешіре білген адам – күшті адам (басы) (Өсиет әңгіме)



Баяғы заманда бір кісінің балалары әркез бір-біріне өкпелеп, ренжіп жүреді екен. Ол өкпеп-реніштердің кесірінен араларында түсінбеушілік туып, отбасынан береке-бірлік кетеді.

Олардың бұл әрекетіне аландыған әке балаларын шақырып, былай дейді.

– Балаларым, сендерге менің бір тілегім бар: дәл қазірден бастап, өздерің ренжіп, өкпелеп жүрген адамдарды естеріңе түсіріп, олардың аттарын же-ке-жеke картоптарға жазып, ол картоптарды дорбаға салып, жатсандар да, тұрсандар да жандарыңнан тастамай алып жүріндер.

Балалар әкесінің жұмбаққа ұқсас тілегін түсінбесе де, айтқанын орындайды. Балалардың картоптары күннен-күнге арта түсіп, жатса да тұрса да дорбалай жүреді. Картоптар шіріп, жағымсыз иіс шыға бастайды. Мұны көрген адамдар балаларға жиіркенішпен қарайтын болды. Балаларға сасыған ауыр жүкті арқалап жүру азап болды.



**1-тапсырма.** Сурет негізінде әңгіме құрастыр.



**2-тапсырма.** Нұктелер орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Өкпелеу, ренжу – ... . Ұрыс-керістер – ... . Кешіре білу – ...

**Қажетті сөздер:** тұсінбеушіліктен туады, мейірімділіктен туады, өкпелеу, ренжуден басталады.

## 198-сабақ. Кешіре білген адам – күшті адам (жалғасы)



Олар өзара ақылдасып әкесіне келеді:

Әке мына тапсырмаңызды одан әрі орындаі алмаймыз. Картоптың ауырлығына қоса, күн өткен сайын жағымсыз ііс шығарып, шіріп барады. Адамдар да бізге жиіркенішпен қарайтын болды. Әке біз сіздің бұл сынағыңыздың мәнін тұсінбедік, – дейді.

Балаларым, мен бұл тапсырманы берген себебім: сендер бір-бірімен өкпе реніштерің осы шіріген картоп сияқты. Ал, ластанған жан дүние айналасына жарық сәуле шашпайды, әркез осы картоп сияқты болады.

Сол күннен бастап қарияның балалары айнала қоршаған ортаға, бір-біріне деген өкпе реніштің зиянын ұғынып, әркез кешірімді болып, кешірімділіктің күшін тұсініп, тату-тәтті ғұмыр кешіпті деседі.



1. Әкесі балаларға не мақсатта тапсырма берді?
2. Балалар әкесінің тапсырмасынан қандай сабақ алды?
3. Сен өкпе-ренішті қалай жеңесің?



**1-тапсырма.** Адал және ақкөңіл болу ережесін оқындар. Өздерің толықтырып жазындар.

Сөзің мен ісіңе адап бол!

Қайырымды бол!

Парызынды ұмытпа!

Тәртіпті бол!

Ойын, ниетің жақсы болсын!





## 2-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз.

Адам кешірімді болып, кешіре білуге үйренгенде өмірі қуанышқа, жақсылыққа толы болады.

Кешірімді болу – айналаңа деген мейірімді болуың, ақылдың, өзара түсінудің көрінісі. Адамдар өзгелерді кешіру арқылы мейірімді бола түседі.

## 199-сабақ. Біз бәріміз бірдейміз



Жақында біздің сыныпқа жаңа оқушы келді. Есімі – Майкл. Оның ата-анасы жұмыс бабымен Африкадан көшіп келіпті.

Ол біздің сыныпқа келгенде, бәрі үн-тұнсіз қалды. Кейбірі оны саусағымен көрсетіп, шиқылдал құліп те алды. Ешкім онымен парталас болғысы келмеді. Тек Нұрай ғана: «Менің жаныма отыр» – деді. Оның бұл шешіміне бәріміз таңғалдық.

Онымен қалай араласамыз, ол бізге мұлдем ұқсамайды ғой, – деді Алмас қоймастан.

Нұрай ойланbastan жауап берді:

– Біздің теріміздің тұсі, шашымыздың тұсі қандай екені маңызды емес, бастысы, біз – Жер ананың баласымыз және бәріміз бірдейміз!

Бір ай өтті. Майкл аса қабілетті бала болып шықты. Сабақты жақсы оқиды, спортпен айналысады, жүгіруде бәрінен озады. Ал, ең бастысы – ол нағыз дос. Терінің тұсі емес, қандай адам болғаны маңызды екенін біздің сыныптағылар түсінді.



1. Сыныптағылардың Майклға қатынасын қалай бағалайсын?
2. Нұрайдың іс-әрекеті дұрыс па?
3. Майкл сыныптастарымен қалай достасып кетті?



## 1-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрастыр.



**2-тапсырма.** «Өзбекстан – ынтымағы жарасқан ел!» тақырыбында мәтін құрастырып жаз.

## 200-сабак. Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел

(Ел аузынан)



Данышпаннан сұрапты:

– Дүние қайдан басталады?

– Сенің екі көзіңнен, – дейді данагөй.

Менің көзім тек жақсылықты көргей! Өйткені, жамандық өзін-өзі көрсетеді.

Табиғат жердегінің бәріне көз сыйлаған. Көздің міндеті – көру, мәселе нені, қалай көруде – өмірдің терең мәні осы.

Кейбіреуге от – дүниенің тіреуі, енді біреуге – дүниенің жұты.

Бір ғана нәрсе талассыз: мынау әлемге, өмірге, адамдарға жақсылық көзімен ғана қарау керек.



1. Адам тек қана жақсылықты көруге қалай үйрениді?
2. Көз тек жақсыны көргенде әлемде не болады деп ойлайсың?



**1-тапсырма.** Сөйлемді толықтыр.

Адам кешірімді болып, кешіре білуғе үйренгенде оның жаны ...





Айналаңа мейірімді болып, өзара түсіну ол ...  
Ренжү деген – ....

**Қажетті сөздер:** жақсылыққа толы болады, кешірімді болу, білместік.

Оқиға құбылыстардың себебін дәлелдейтін мәтін  
**пайымдау** мәтіні деп аталады.



**2-тапсырма.** Төменде берілген суреттердегі табиғат денелерінен қандай жақсы қасиеттерді үйренуге болатынын тауып, дәптерге жаз.



## 201-сабак. Рақмет не үшін айтылады?



Орман ішіндегі жолмен атасы мен немересі келе жатты. Күн ыстық еді, олар шөлдеді. Жолаушылар бұлаққа жақындалап, келді. Бұлақ сылдырлап ағып жатты. Олар еңкейіп шөлдерін қандырды.

– Рақмет, саған, бұлақ, – деді атасы. Немересі күліп жіберді.

– Ата, сіз неге бұлаққа рақмет деп айттыңыз, ол бұлақ тірі емес қой, ол естімейді, сіздің алғысынызды түсінбейді ғой, – деп таң қалды. Сонда атасы былай дейді:

– Егер қасқыр бұлақтан келіп су ішсе, ол рақмет деп айтпас еді, ал біз қасқыр емеспіз ғой. Біз – адамдармыз.

– Сен білесің бе, адамдар не үшін рақмет айтады. Ойлан бұл сөз кімге керек.

Немересі ойланып қалды. Оның ойланатын уақыты көп, өйткені жол ұзақ еді.



1. Мәтіннен негізгі ойды анықта?
2. Атаның сұрағына сен қалай жауап берер едің?
3. Адамдар не үшін «рақмет» айтады?



**1-тапсырма.** Мәтіндерді оқы. Мазмұнына қарай қай мәтін түріне жататынын айт.

1. Орман ішіндегі жолмен атасы мен немересі келе жатты. Күн ыстық еді, олар шөлдеді. Жолаушылар бұлаққа жақындал, келді. Бұлақ сылдырлап ағып жатты. Олар еңкейіп шөлдерін қандырды.

2. – Егер қасқыр бұлақтан келіп су ішсе, ол рақмет деп айтпас еді, ал біз қасқыр емеспіз ғой. Біз – адамдармыз.

3. – Сен білесің бе, адамдар не үшін рақмет айтады. Ойлан бұл сөз кімге керек.



**2-тапсырма.** Суреттерге қара. Әрқайсысының мазмұнына қарай мәтін құрастыр.



## 202-сабак. Балдырган нағыз жолдас



Соңғы сабак болатын. Еркежан қолын көтерді.

– Иә, не дейсің, – деді мұғалім.

– Әділет ауырып отыр.

– Шынында өнің бұзылып кетіпті. Үйіне қайта ғой, – деді мұғалім.

– Әділет орнынан сылбыр көтеріліп, сыртқа беттеді. Қозғалысы ауыр, жүрісі баяу, әрен жүріп барады.

– Әділетті кім үйіне жеткізіп салады? – деді апай оқушыларына барлай көз жүгіртіп. Балаларда үн жоқ.



- Элішер сен қалай қарайсың?
- Мен атамның үйіне баратын едім, ол кісінің үйі қаланың шетінде.
- Рұқсат етсеңіз, мен апаратын, – деді Арман орнынан үшып тұрып.
- Сенің үйің қаланың басқа шетінде емес пе? Қайтарда қорықпайсың ба? – деді қасындағы қыз оған.
- Сонда қалай, үйіміз қаланың шетінде деп жолдастымызды жолда қалдырамыз ба?! – деді Арман жұлып алғандай.
- Рұқсат – деді апай, Арман жүгіре жөнелді. Мұғалім оның соңынан сүйсіне қарап қалды.

*Дәулет Қасенов*



1. Эңгіме не туралы?
2. Элішердің жауабын мақұлдайсың ба?
3. Апай не үшін Арманның іс-әрекетіне риза болды?



**1-тапсырма.** Суреттерге қарап, балалардың іс-әрекетін талқыландар.



**2-тапсырма.** Төменде берілген тапсырманың кілтін пайдаланып, әріптерді орнына дұрыс қойсандар нақыл сөз шығады.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
к	ү	ш	і	ң	е	с	н	б	а	д	л

1	2	3	4	5	6		7	6	8	9	6

10	11	10	12		4	7	4	5	6		7	6	8

## 203-сабақ. Бақыт деген не?



Бақыт, Серік, Ербол – бір көшениң тұрғындары. Үшеуі бірге оқиды. Бірде апайы адам есімдерінің мәні жөнінде тәрбие сағатын өткізді.

– Ербол есімі – азамат бол, ер жігіт бол деген мағынаны білдіреді, – деді апайы.

– Ал, Серік атауы – дүниеге келген перзентке серік болсын деген ниеттен туған, – деді.

– Бақыт деген ше? – деді Бақыт қызыққанын жасыра алмай.

– Бақыт – бұл әр баланың ой-арманының орындалуы. Қуанышты күй кешу. Әркімде арман да, ой да көп. Сондықтан бақыт та сан алуан, – деді апайы.

Бақыт үйіне келді. Атасынан:

– Ата, бақыт деген не? – деп сұрады.

– Сенің аман-сау жүргенің, мен үшін бақыт, айналайын. Бақыттың үлкені осы, – деп жауап берді.

*Нұрғали Қыдырбаев*



1. Бақыт өзінің есімінің қандай мағына беретініне жауап таба алды ма?
2. Үлкендер балаға есім қоюда нелерге ерекше көніл бөлген?
3. Сендер өз есімдеріңің мағынасын білесіңдер ме?



**1-тапсырма.** Ребусты шешіп, есімдердің мағынасын түсіндіріңдер.



+ сұлу,



+ нұр



+ жан



+ нұр



+ жанат



+ жамал



**2-тапсырма.** «Бақыт деген не?» мәтінінен бірінші абзацты көшіріп жаз.

## 204-сабак. Әдептілік әліппесі



Атам маған әманда,  
Әдепті жан бол деген.  
Ата сөзі санамда –  
Жасы үлкенге жол берем.

Алдын орап кісінің,  
Кесіп өтпей көлденең.  
Ізетімен кішінің –  
Сәлемдесіп қол берем.

Атам маған әманда,  
Кішіпейіл бол деген.  
Ата сөзін санамда,  
Мақтанбауды жөн көрем.

Абдырахман Асылбеков



1. Әдепті болу үшін не істеу керек?
2. Сенің атаң саған қандай ақыл-өсиет айтады?



**1-тапсырма.** Мақалдарды оқы. Өлең мазмұнына сәйкесін тап.

Әдепті бала ата-анасын мақтатар,  
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.

Сіз деген – әдеп,	Әдепті бала – арлы бала,
Біз деген – көмек.	Әдепсіз бала – сорлы бала.



**2-тапсырма.** Мәтінге тақырып қой.

– Әдепті бала қашанда сәлемдеседі. Кезіккен адамдармен амандасады, көмегі және қамқорлығы үшін алғыс айтып, кетіп бара жатқанда қоштасуды ұмытпайды.

– Әрқашан сыпайы болу керек. Сыпайылық – айналандағы адамдарға өзінді жағымды көрсету. Байқамай біреуді ренжітіп алса, дереу кешірім сұрайды.

## 205-сабақ. Мен не үйрәндім?



**1-тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Суретке қара бала қандай жол ережесін бұзды? Бала қандай жағдайға үшіншілік мүмкін еді?

2. Суретте берілген көліктердің адамзат өміріне пайдаласы мен қаупін айтыңдыр?



3. Жұмбақтың шешуін тап. Оның қызметі жайлы айт. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та.

4. Сөйлемді оқы: – Жолда ойнамандар! Жолда ойнау – адам өмірі үшін қауіпті – деді. Үзінді қай әңгіменден алынған. Әңгіменің мазмұнын еске түсір.



**2-тапсырма.** «Кішкентайға немқұрайды қарама» тақырыбында әңгіме құрастыр.





### 206-сабак. Сан есім

Сан есім санды білдіреді,  
Сонымен бірге мәнді білдіреді.  
«Бір» деген болымсыз сан,  
Айтуға толымсыз сан.  
«Екі» де оңып тұрған жоқ,  
Көнілге қонып тұрған жоқ.  
Орта сан «үш» деген,  
Жоқ онда күш деген.  
«Төрт» деген жақсы баға,  
Алады жақсы бала.  
Үздік баға «бес» деген,  
Еңсесі биік өзгеден.  
Осылайша сан артады,  
Сан артса мән артады.

Абдырахман Асылбек



1. Қарамен берілген сөздер қандай сұраққа жауап береді? Қай сөз табына жатады?
2. Үздік оқушы атану үшін не істеу керек?



**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сан есімдерді қойып, астын сызыңдар.

Бір жылда ... ай, ... мезгіл бар. Қаңтар – жылдың ... айы. Жылдың ... айы желтоқсан. Бір тәулікте ... сағат бар. Аптаның ... күні – сәрсенбі, ... күні – жексенбі. Бір айда ... күн бар.



**2-тапсырма.** Төмендегі есептік сан есімдерден реттік сан есім жасап, сөзben жазыңдар.

4, 7, 15, 25, 36, 48, 53, 66, 72, 88, 97, 100.



### 207-сабак. Етістік

Етістік қимылды білдіреді,  
Қуантады, күлдіреді,

Тұрғызады, жүргізеді,  
Шабытқа мінгізеді.

Ойнатады, ойлатады,  
Еңбекке бойлатады.  
Әр шыңды бастырады,  
Жаңалық аштырады.

Тынықтырады,  
Шынықтырады,  
Жалқаулықты.  
Ұмыттырады.

Абдырахман Асылбек



**1. Өлеңде қимыл атауларын білдіретін сөздерді тап.**  
**Бұл сөздер қандай сұраққа жауап береді?**



**1-тапсырма.** Жұмбақ қай құс туралы айтып түр?  
Әсем бақта ән салады,  
Әніне жұрт тамсанады.(...)



**2-тапсырма.** Берілген дара етістіктерді күрделі  
етістікке айналдырып жазындар.  
Әсті, жұзді, жазды, ұшты, күлді, тұсті, сұзді, тоқыды.  
**Үлгі:** жазды – жазып отыр

## 208-сабақ. Сын есім



Мүйізтұмсық – ірі жан-  
тар. Оның мүйізі жіңіш-  
ке талшықтардан **құралған**.  
Алайда мүйізтұмсық күндіз  
**сұлап жатады** да, айбарлы  
дауыс **шығарады**. Ал түнде  
жайылымға **шығады**.



«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



**1. Мәтін не туралы?**  
**2. Қарамен берілген сөздер қай сөз табына жатады?**



**1-тапсырма.** Үлгі бойынша сын есімдерді мағы-  
насына қарай топтап жаз.

Үлкен, ірі, жасыл, жақсы, жаман, ащы, домалақ,  
қышқыл, құрғақ, тұщы, ұсақ, кіші, күлгін, дәмді, тәтті,  
сопақ, сүйір, қоңыр, қызғылт, ауыр, жалпақ.

**Үлгі:** Тұс    Дәм    Көлем    Пішін    Сапа



## 209-сабақ. Мәндес сөздер



Бір бала бар – инабатты, ибалы,  
Кішіпейіл, достарына сыйлы әрі.  
Бір бала бар – ықыласты, ынталы,  
Мінезінде жоқ жағымсыз бұлтаңы.

Мақсұт Неталиев



1. Өлең не жайлышы?
2. Өлең жолдарынан мәндес сөздерді тауып, мағынасы бір-біріне жуық екенін дәлелде.



- 1-тапсырма.** Берілген мәндес сөздерді жүптап жаз.  
Әдемі, қашық, сұлу, ер, биік, батыр, зәулім, шалғай, аяз, қорқақ, сұық, үркек.

## 210-сабақ. Көп мағыналы сөздер

Досың болса ер,  
Соңынан қалма, ер.



1. Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндір.



- 1-тапсырма.** Суреттегі зат атауларын екі мағынада қолданып, сөйлем құра.



- 2-тапсырма.** Сөздердің мағынасын түсіндір.  
Олардың әр қайсысына екі түрлі мағынаны білдіретіндей сөйлем құра.

Тұс, ат, бас, жаз.



## 211-сабақ. Мағынасы қарама-қарсы сөздер

Күндіз де көреді,  
Тұнде де көреді.  
Жәнібек киноға  
Жанын да береді.

Ал енді қараңыз:  
Азыпты балаңыз.  
Әйнекіз көрмейді,  
Әлжуаз баламыз.



1. Неліктен Жәнібектің көзі нашар көретін болды?
2. Теледидардан күндіз-тұні кино көру дұрыс па?
3. Өлеңдегі мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап?



**1-тапсырма.** Мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып, жұптап жаз.

Ашы, қалың, ұзын, бүгін, терен, кеше, қысқа, тұшы, таяз, жүқа.



**2-тапсырма.** Мақалдардан мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап.

Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

Ақылыңа ақыл қос.

## 212-сабақ. Мәтін. Оның түрлері.



**1-тапсырма.** Суреттерге қара. Оқиға неден басталды? Оқиға қалай өрбіді? Әрі қарай не болды, немен аяқталады? Суреттің қайсы бөліктері не істеді? қандай? неліктен? сұрақтарына жауап болады.



**2-тапсырма.** Сурет мазмұны бойынша мәтін құрастыр. Мәтінді «Балапан анасын тыңдамады» сөйлемінен баста.





## 213-214 сабақтар. Жазғы демалыс

Асқар тау, ну орман, айдын көл,  
Асыл кен, көк егін, самал жел,  
Жарқын жаз шақырады қол бұлғап,  
«Балдырған, біз кел, бізге кел!»

Мұзафар Әлімбаев




1. Өлең не туралы?
2. Жаз мезгілі саған несімен ұнайды?



**1-тапсырма.** Балалардың қолындағы шарларда жасырынған сөзді тап. Жазғы демалысты қалай өткізетінің туралы әңгімеле.



**2-тапсырма.** Суретке қара. «Лагерьде» деген тақырыпта мәтін құрастыр.



**3-тапсырма.** Жағдаят.

Алда жазғы демалыс. Ата-анаң шет елде демаламыз деп отыр. Бірақ сен ауылдағы ата-әжеңе демалыста келемін деп айтып қойдың.

Ата-әжеңді, әке-шешенәнді ренжітіп алмау үшін қандай шешімге келесің?

O'quv nashri

N. Abduvalitov, M. Bayturayeva, B. Djuldibekova

# ONA TILI VA O'QISH SAVODXONLIGI

2-qism

*Umumiy o'rta ta'llim maktabalarining  
2-sinfi uchun darslik*

*(Qozoq tilida)*

Суретші Феруздек Матякубов

Редактор Айдын Тәжібаев

Көркемдеуші редактор Сарвар Фармонов

Техникалық редактор Акмал Сулаймонов

Дизайнер Ихволиддин Салоҳутдинов

Компьютерде беттеген Махмадиев Шахобиддин

Басуға 30. 08. 2021 жылда рүқсат етілді.

Пішімі 60×841/8. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 16.

Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,95.

Есептік баспа табағы 7,51. Тараптимы \_\_\_\_\_.

Тапсырыс № \_\_\_\_.

Bosmaxona manzili



## **Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте.**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оку жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгенде жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мәлшері негізінде толтырады.**

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгенде жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сзызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сзызылған.
Нашар	Мұқаба былғанаған, сзызылған, жыртылған, негіз-гі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сзызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.